

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ
БІЛІМДЕНДІРУ УӘЗІРЛІГІ

ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ

ТҮРКІ ТІЛДЕР ФАКУЛЬТЕТИ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТИ КАФЕДРАСЫ

«ӘДЕБИЕТТАНУ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІ

БАКАЛАВРИАТ

1- КУРС

Дайындаған: **Т.Төрткулбаева**

НӨКІС-2020

Көркем өнер және оның түрлі салалары

Жоспар:

1. Көркем әдебиет туралы түсінік
2. Көркем әдебиеттің атқаратын қызметі, мақсаты
3. Көркем әдебиеттің әдебиеттану саласында алатын орны

Тірек таяныш сөздер: көркем әдебиет, қызметі, мақсаты, көркем образ.

Әдебиет - өнердің бір түрі. Өнер - қоғамдық сананың ерекше түрі болып табылады. Өнердің негізгі ерекшелігі өмірлік шындықты көркем образдар арқылы бейнелейді. Демек, көркем образ дүниені танып - білудің ерекше бір түрі.

Ал қазіргі түсінік бойынша, әдебиет, өзге де өнер түрлері сияқты рухани байлығымыз болып есептеледі. Әдебиетті «өміртану құралы», «адам жанының айнасы» деп жиі айтамыз. Әдебиеттің мұндай сипаттамаларды иеленуінің бір сыры оның өмірдегі көкейкесті мәселелерді көтеріп, адам жанының құпияларына терең үңіліп, талдау жасауында жатыр.

Осы орайда «әдебиет» деген сөздің шығу тегіне зер салып үңілсек біздің тілдіміздегі «әдебиет», «Поэзия», «Поэтикалық фигуралар» деген терминдерді ығыстырып, олардың орнына қолданысқа түсу тұсы XVIII ғасырмен орайлас келеді.

«Әдебиет» термині XV ғасырдың орта шенінде пайда болған кітап басу ісіне қатысты туғандығы белгілі. Бұған дәлел мысалдарды Аристотельдің «Поэтика» атақты еңбегінен, сондай-ақ, ежелгі және орта дәуірлерде дүниеге келген трактаттарды көптеп кездестіруге болады.

Әдебиеттің нысаны мен мақсаты. Көркем әдебиеттің нысаны әрқашан адам болып табылады. Ежелгі үнді өнері мен әдебиетінде хайуанаттар жетекші орынға шығып, адам табиғатқа тәуелді кейіпте көрінсе, одан кейінгі кезеңде Египет мифологиясында құдай тектес құбыжық - хайуанаттар арасында адамдар бейнесі ара-кідік кездесіп қалады. Ежелгі грек өнерінде ғана адам біршама толыққанды болысымен көрінеді. Шындығында қандай да бір жазушы жайында сөз болғанда, ең алдымен оның сомдаған қахармандары туралы сөз өрбиді. Мысалы: Гомер – Ахиллес, Гектор, Одиссей, Пенелопа т.с.с; Шекспир – Гамлет, Ромео, Джульетта, Отелла т.с.с; Әуезов – Абай, Құнанбай, Бақтығұл, Еңлік т.с.с.

Көркем шығармада жазушылар адамдардың тағдыры мен мінездерін аша түсу мақсатында табиғат көріністерін жиі пайдаланады. Бұл орайда Гороцийдің: «тоғайды, бұлақты, шулы тасқынды, алуан түсті кемпірқосақты нашар ақын ғана адамға еш қатыссыз суреттейді» деген сөзі бар.

Демек, жазушы табиғатты адамның мүдде-мұратымен, құштарлығымен, іңкәрлігімен, үмітімен байланыстарды.

Әдебиеттегі хайуанаттар бейнесі де осындай. Олардың бойында адам құштарлығымен үндес, адам өмірін еске салатын, адамдардың рухани дамуы үшін маңызды жағдайларды байқаймыз.

Әдебиеттің халықтығы. Әдебиеттің халықтығы проблемасына қатысты ой-пікірлер – әрдайым дамып, жетіліп келе жатқан мәселелердің бірі. Біздің түсінігімізше, әдебиеттің халықтығы дегеніміз халықтың ой-санасы мен жан дүниесін бейнелеу және халыққа қызмет ету «әдебиеттің халықтығы деп шығарманың халықтығы тілек-мүддесіне толық сәйкес келер идеялық-көркемдік саласын айтамыз» (З.Ахметов)

Шындығында уақыт азған сайын халықтың талап-тілегі де, танымы да үздіксіз өсе бермек. Дегенмен әдебиеттің халықтығын сипаттауда негізгі белгілерін анықтау қажет.

Біріншіден, халық үшін ең маңызды да қажетті құбылыстар мен өзгерістерді бейнелеу. Екіншіден, дәуірден ең озық идеяларына негізделген өмірлік ақиқатты шынайы суреттеу.

Осы белгілер арқылы қаламгер идеяларын дәуірмен неге ұштастырып отырмыз? Егерде өткен дәуір шығармасын талдау барысында бүгінгі күн идеяларымен сәйкестік-сәйкессіздігіне қарай бағалап, қорытынды жасай алмасақ, жаңалық болған құбылысты пайымдай алмас едік.

Орыс әдебиеті мен сынында әдебиеттің халықтығы туралы мәселе Пушкин дәуірінен (XIX) бастап кеңінен қарастырылады. Әдебиеттің халықтығының ұстанымдары алғаш рет О.М.Сомовтың «Романтикалық поэзия жайында» (1823), Л.А.Вяземскийдің «Баспагер мен классик арасындағы әңгіме» (1924) атты мақалаларында «халықтықты» ұлттық ерекшелікке, яғни әдет-ғұрып, дәстүр, тіл, т.с.с. тұрғыдан түсіндірді. А.С.Пушкиннің өзі де халықтықтың ұлы белгілерін батыс жазушыларының шығармаларынан үйреніп, өрбітті.

XIX ғасырдың 40-жылдарында орыстың қоғамдық ой дүниесін кеңінен қамтыған халықтық жайындағы талас, әсіресе, батысшылдық және славянофильдік бағыттар арасындағы қайшылықтар ерекше рең алады. Мысалы: В.Г.Белинский орыс халқына тән ұлттық ерекшеліктердің бар екендігін ескере отырып, славянофильдік тұрғыдан түсіндіруге қарсы тұрды.

Халықтық мәселесіне қатысты озық дәстүрлер кейінгі дәуірлерде де дамып, кемелдене түсуде. Әдебиеттің халық игілігіне қызмет етіп байланысты болуы қазіргі әдебиеттің негізгі қағидасы. Белгілі бір тілде жасалған әдеби шығармалар топтамасын ұлттық әдебиет құралады. Бірақ, белгілі бір халыққа тән әдеби туындылар әлемдік әдеби дамудың маңызын белгілеп бере алмайды. Себебі, шынайы халықтық туындылармен қатар халық мүддесіне қайшы туындылар да болады. Екіншіден, халықтың ой-санасын тек көрнекті қаламгерлер ғана терең бейнелей алады. Бұған мысал ретінде М. Әуезов пен С.Мұқановтың шығармаларын атауға болады.

Әдебиеттің көркемділігі. Көркем образ. Әдебиеттің негізгі мұраттарының бірі – адам баласының рухани әлеміндегі ұстанымдарды қалыптастыру және адамгершілік жолындағы іс-әрекетке үндеу. Бұл мақсатқа жету үшін суреткер адам болмысына үңіледі. Өзі суреттеп отырған оқиғаны да, көріністі де, ой-сезімді де, адам төңірегінен өрбітеді. Себебі әдебиеттің нысаны – адам, мақсаты – адам игілігіне қызмет ету. Қалай болғанда да, әдебиеттің ең негізгі өлшемі көркемдік болып келеді және

алдағы уақытта солай бола қала бермек. Көркемділік көркем образ арқылы жасалады. Ендеше «көркем образ» дегеніміз өзі не? Ол қалай жасалады?

Көркем образ - өмірлік шындықты игеру және қорытып, жаңадан өнерге ғана тән ерекше тәсілін сипаттайтын категория. Сонымен бірге көркем шығармадағы кейіпкерлер мен әдеби қаһармандарды «образ» деп атаймыз. Мысалы: «Абай жолындағы» Абай, Құнанбай бейнесі, Әйгерім бейнесі т.с.с.

Көркем образ - өте күрделі ұғым. Күрделі дейтініміздің себебі – образ ақиқат өмірден бастау алғанымен, көптеген шарттылықтар арқылы қиялдан туған әлемге көшеді. Сонымен бірге образ - нақты ұғым. Қандай құбылысқа негізделсе де дерексіз, тиянақсыз әлденелерге бөлшектемей өзіндік бітімін сақтап қалады.

Сондай-ақ образ өмір шындығын ойда қорытып бейнелеп берумен шектелмейді. Ойдан шығарылған жаңа дүние де болуы мүмкін. Мысалы:



Образдың мақсаты - затқа жаңа сипат дарыту, ұғымды жаңа бір ұғымға айдалдыру. Түйіндей келгенде, образ дегеніміз не? «Образ эстетикалық мәні бар, ойдан шығару арқылы әрі нақты, әрі жинақты жасалған адам өмірінің әсем суреті» (Л.И.Тимофеев. Основы теории литературы)

«...Көркем өнерде, соның ішінде әдеби шығармада жинақталған түрде суреттелетін өмір құбылысының нақтылы көрініс-қалып, кейіпкердің көркем ойлегінен өткізіп, қорытындылап жасалған тұлға-бейнесі. Көркем образда екі түрлі ерекшелік - жинақтау, ... және даралау ... іштей астасып, қабысып жатады.» (З.Ахтетов. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі)

Образға берілген түрлі анықтамаларды, жоғары айтылған пікірлерді ескере отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады. Әдеби образ-өмірлік шындықтан алынып, суреткердің шеберлігінің нәтижесінде жан-

жақты екшеленген және бейнелі сөз арқылы қайта жасалған шындық. Әдебиеттің тілі.

Әдебиеттің басқа өнер атауларынан өзгешелігі - оның сөз арқылы жасалауында екендігі белгілі. Әдебиетке тән ерекшелік, әсіресе, әдеби туындыларды сурет және мүсін туындыларымен салыстыра қарастырғанда анық танылады. Суретші мен мүсінші өзінің құралдары арқылы көзге көрінетін нәрсені ғана бейнелей алады.

Суреткер сөз көмегімен оқырманның немесе тыңдарманның қиялында адамдарды қоршаған сыртқы дүние туралы да, сонымен бірге олардың ішкі әлемі (ойы, сезімі, толғаныстары, құштарлықтары) туралы да жанды бейнелер туғыза алады.

Әдебиеттің тілі дегенде суреткер өз туындысын жалаң сөзбен береді деуге болмайды. Бұл жаңсақ түсінік болар еді. Себебі - жалаң, жадағай сөз арқылы әдеби шығармалардың шынайы мазмұн-мәнін ашу мүмкін емес. Әдебиеттің мазмұнын бейнелі сөз құрайды. Әдебиет тілі - бұл сөздік бейнелер, яғни нақты бір адамдардың, оқиғалардың, жағдайлардың, сезімдердің, ой-толғаныстардың бейнелі сөз арқылы берілді.

Демек, сөз өнері өзге өнер атауларынан өзгешелігі - көркем туындыдағы әрекеттер мен қозғалыстар, кейіпкерлер мен автор сөздерінің өзара байланыстылығы сипатымен ерекшеленеді. Оқу барысында сюжетке бойлау арқылы оқырман біртіндеп мазмұнның мәнін – әрекет пен тартысты, фабула мен дәлелдеулерді тақырып пен идеяны аңғара бастайды. Сюжеттің өзі шығарманың «ішкі пішіні» болып табылады. «Ішкі пішінге» композиция да жатады.

Осы тұста айта кетуді қажетсінетін қызықты бір жағдай бар. Ол – әдебиет тілінің зерттелуіне қатысты мәселе.

Байырғы дәуірдің өзінде мемлекет көркем әдебиет тілін өзінің тілдік саясатының объектісі еткен. Бертін келе, мәселен, XX ғасырдың 50-жылдарына шейін лингвистикада көркем әдебиет тілін танудың өзіндік әдістерін толық бағаламаушылық байқалады.

Әлі күнге дейін әрқилы түсіндіріп жүрген мәселелердің бірі - көркем әдебиет тілі мен әдеби тіл ұғымдардың ара қатынасына байланысты. Бірқатары филологтар көркем әдебиет тілін әдеби тіл стильдерінің бірі ретінде қарастырады.

Пайдаланылған негізгі әдебиетер мен оқу қолданбалар тізімі

Негізгі оқулықтар

1. Ахмедов К. Әдебиеттануға кіріспе. Қарағанды, 1998 ж.
2. Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы, Санат, 2002
3. Мақыпов С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. – Алматы, 1994.

Көмекші әдебиетер:

1. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. - А, 1997.
2. Абдувалитов Е. Әдебиеттану негіздері. (оқу қолданба) Т, ТМПУ, 2008.

Әдебиет объектісі- өмір, предметі – адам

1.Әдебиеттану теориясы.

2.Әдебиет тарихы.

3.Әдебиет сыны.

Тірек сөздер: Бүгінгі әдебиеттану ғылымы әдебиеттер байланысын зерттеу, сонымен бірге өзге салалармен зерттеудің нышандары пайда болуда.

Қазіргі таңдағы әдебиеттану ұдайы өзгеру, даму, жетілу үстінде әдебиеттану ғылымы – аталмыш пәндер жүйесінде әдебиет теориясы, әдебиет тарихы және әдебиет сыны маңызды орынға ие. Бұл қатарға поэтиканы да қосқан абзал.

Әдебиет теориясы - әдебиеттің даму заңдылықтарын, әдеби шығармаларға, әдеби үрдіске ортақ сипаттарды айқындайды. Сондай-ақ, көркем шығарманың құрылыс бітіміне, мазмұн мен түріне, тіл ерекшеліктеріне және көркемдік әдістеріне жанрлар сияқты мәселелерге баса назар аударады.

Әдебиет тарихы - әдебиеттану ғылымындағы көркем сөз өнерінің даму жолын, әдеби ағым-бағыттарды және олардың көркемдік ерекшеліктерін танып-білуге бағытталған басты салалардың бірі.

Әдебиет тарихының өзге ғылымдармен байланысына назар аударар болсақ, ол - тарих ғылымымен, оның ішінде жалпы адамзат қоғамының даму тарихымен тығыз ұштасып жататын пән.

Жалпы, әдебиет тарихы әдеби шығармаларды, әдеби-сын еңбектерді зерттейді; жекеленген қаламгерлер мен сыншылдардың шығармаларын сараптайды; әдеби жанрлардың тарихи орнын және ерекшеліктерін бағалайды.

Әдебиет сыны - көркем шығарманы және онда бейнеленген өмірлік шындықты талдап, бағалауға негізделген әдебиеттану ғылымының негізгі бір саласы. Оның әдебиет тарихынан басты айырмашылығы өз кезіндегі оқиғаларға пікір білдірді. Сынның міндеті - өз дәуіріндегі әдеби құрылыстарға жан-жақты талдау жүргізу.

«Сын» сөзінің төркіні грек тілінде «талдау, талқылау» деген мағына беретін «Kritike» деген сөзінен шығады. Сынның дамуына қысқаша көз жүгіртсек, әдебиет жайлы сыни ойлар әдебиеттің өзімен пайда болған. Антикалық дәуірде әдебиеттің бір саласы ұзақ уақыт бойы тек әдеби шығарманы таныстыру, баға беру, сынау сияқты міндеттер атқарып келді.

Қазіргі таңда әдебиет сыны көркем шығарманы эстетикалық және этикалық тұрғыдан жан-жақты қарастыруға ұмтылады. Сын - көркем шығарманы танып білумен ғана шектелмейді, сонымен бірге әсер етуге де талпынады. Бұл мақсатқа жету жолында сыншының орны ерекше.

Әдебиеттанудың аса маңызды бөлімдерінің тағы бірі - поэтика.

Поэтика - әдебиеттанудың көнеден келе жатқан салаларының бірі. «Поэтика» сөзінің түп-төркіні грек тілінде «шығармашылық өнер» деген мағына беретін «poietike techne» деген сөзде жатыр.

Кең ауқымды алар болсақ, поэтика сөзі әдебиет теориясымен мәндел келеді де, тар шеңберде - теориялық поэтиканың бір саласы болып табылады. Поэтика ұғымын үш бағытқа жіктеу дәстүрі бар. Оның біріншісі – жалпы поэтика немесе макропоэтика (яғни теориялық немесе жүйелі поэтика) да, екіншісі жеке поэтика немесе микропоэтика (яғни сипаттама поэтика), үшіншісі – тарихи поэтика. Енді осылардың әрқайсысына қысқаша түсінік беріп өтелік.

Жалпы поэтика мәтіннің дыбыстық, сөздік және образдық құрылымын зерттеу бағытына сәйкес іштей үш салаға бөлінеді. Жалпы поэтиканың мақсаты – осы салалардың бәрін қамтитын көркемдік әдіс - тәсілдердің жүйелі құрамын белгілеу. Туындының дыбыстық құрылым жағынан сөздің дыбысталуы мен ырғақ; өлеңге қатысты болғанда, өлшем жүйесі мен шумақ қарастырылады. Көбінесе өлең мәтіндері алынғандықтан, өлеңтану деп те аталады. Сөздік құрылым тұрғысынан туындының лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері зерттеледі. Бұл тұста ол стилистикамен үндесіп жатады. Туындыдағы образдық құрылым мәнінде кейіпкерлер мен заттар, іс-әрекеттер, сюжет мәселелері қарастырылады.

Жеке поэтика да жоғарыда айтылған жалпы поэтикаға тән мәселелерді қарастырады. Негізгі айырмашылығы - екеуінің зерттеу нысанына байланысты, яғни жалпы поэтикада әдебиетті тұтастай алса, жеке поэтика әдеби туынды көлемінде шектеледі.

Жоғарыдағы ұғымдар поэтикада XIX-XX ғасырлардағы әдебиетті зерттеу тәжірибелері нәтижесінде алға шықты, оған дейін поэтикаға байланысты зерттеулер драма, лирика, эпоспен шектеліп келген болатын.

Тарихи поэтика салыстырмалы-тарихи әдебиеттануға сүйене отырып, жекеленген поэтикалық тәсілдер мен олардың қалыптасқан жүйесінің даму жолын қарастырады. Сөз өнерінің ең көне түрі болып табылатын ауыз әдебиеті тарихи поэтика үшін негізгі материал болып табылады. Себебі - фольклорға тереңдей бойлау арқылы образдарға айшықтаулардың және өлең өлшеулердің даму барысын ерте кезеңдерден бастап жете зерделеуге болады.

Әдебиеттанудың негізгі салаларымен қатар, көмекші салалары да бар. Көмекші салалар қатарына историография, текстология, библиография, архивтану (әдебиеттануға қатысты), эвристика, палеография, мәтін түсініктемесі тағы басқалар жататыны белгілі. XX ғасырдың ортасынан бастап әдебиеттануда математикалық әдістер бір шама роль атқара бастағаны мәлім. Бұлар көбінесе өлеңтануда, стилистикада, текстологияда айқынырақ байқалады.

Көмекші салалардың әрқайсысына тән нақты міндеттерге қысқаша тоқталсақ:

Историография - әдебиеттану ғылымының негізгі салаларының тарихи даму барысындағы деректер мен дәйектердің, мәліметтердің жинағы. Аталмыш ғылымның қол жеткізген нәтижелерін жинақтап көрсету арқылы историография ғылымының бір орында тұрып қалмай, алға қарай жылжуына қызмет етеді.

Текстология - мәтін (текст) және сөз, ұғым, ілім (логос) деген сөздерден шыққан текстологияның негізгі міндеттері-мәтіннің тарихын, бастау көзін пайда болған мерзімін, мәтіннің түп нұсқасын нақтылау және халық қадесіне жарату.

Қарапайым тілмен баяндасақ, иесі белгісіз дүниенің өзгенің шынайы иесіне оралуына жол ашады.

Библиография - әдебиеттануға қатысты түрлі еңбектерге көрсеткіші. Негізгі міндеттері - көркем әдебиет және әдебиеттану жайында ақпараттар жинау, әдебиеттің үздік туындыларын таныстыру, насихаттау.

Қысқасы, библиография сан алуан ғылыми еңбектердің арасынан қажетіні дұрыс тез тауып алуға жәрдемдеседі.

Архивтану - мақсат міндет жағынан библиографиямен мәндес, айырмашылығы әдебиет тарихына байланысты құжаттық, мемуарлық мәліметтерді жинақтауында.

Эвристика – (грекше «heurisko» - «табамын, ашамын» деген сөзінен шыққан), әр текті әдеби ізденістердің жиынтығы, әдебиеттану төңірегінде ауызекі әңгімелердің мәнін ашып түсіндіру; өмірбаяндық деректерді зерттеу; әдеби прототиптерді табу сияқты мәселелермен шұғылданады.

Палеография – (гректің «palaios» - «ежелгі, көне», «grapho» «жазу» деген сөздерінен шыққан), жазу тарихын, сондай-ақ ежелгі жазба ескерткіштердің мәтінін, жазылу мерзімі мен дүниеге келген орнын анықтау мақсатын көздейтін тарихи-филологиялық пән, XVII ғасырда пайда болған алфавит пен тілдердің алуан түрлі болуына байланысты палеография да бірнеше түрге бөлінеді.

1. Әдебиеттанудың басқа ғылымдармен байланысы әдебиеттану өзімен-өзі дараланып қалған ғылым емес. Ол өзге ғылымдармен тығыз байланысты болып, жетістіктерімен бірге дамиды. Әсіресе, бұл орайда оған философия, эстетика, тарих, тіл ғылымы сияқты ғылым түрлері етене жақын. Философия мен эстетика әдебиеттануға әдіснамалық негіз болса, тарих, психология пәндері жалпы гуманитарлық жағынан ұқсас. Ал әдебиеттану мен тіл ғылымының қарастыратын мәселелерінің ортақтығымен ғана шектелмейді. Бұл ғылымдардың құрылымдық жағынан ұқсастығында деп қарасақ болады.

2. Әдеби-эстетикалық ойлар тарихынан адамзат ықылым замандарда, табиғаттағы болып жатқан құбылыстарға елең-алаң көзқараспен қараған жоқ. Ал өнер жайлы ең алғашқы пікірлер ежелгі ескерткіштерде, мәселен, қытайдың б.д.д. XIV-V ғасырлардағы «Шуцзин» («әжаналар кітабы») жинағында, б.д.д. X-II ғасырлардағы үнді ведалар мен б.д.д. VIII-VII ғасырлардағы ежелгі гректің «Илиадасы» мен «Одиссеясында» кездеседі.

Әдебиеттанудың алғашқы нышандары антикалық дәуір ғұламаларының еңбектерінде негізделе бастады. Эстетикалық мәселелерді шындық тұрғысынан қарастырған Платон (шамамен б.д.д. 428/427 – 348/347 ж.ж.) өнердегі сұлулықты, тәрбиелеушілік қызметі жайында пікірлер айтып, әдебиет теориясына қатысты маңызды тұжырымдар жасады. Ең маңызды пікірлерінің бірі – әдебиетті эпос, лирика, драма сияқты тектерге жіктеді.

Д.В.Веневитинов, Н.И.Надеждин т.б. «философиялық сын» ағымына жол салды. Ал 40-жылдары В.Г.Белинскийдің А. Аристотель (б.д.д. 384-322 ж.ж.) еңбектерінде эстетикалық көзқарас сақталғанмен, көбінесе әдебиет теориясы, стилистика, поэтика туралы сөз болды.

Поэтика негіздерін алғаш рет жүйелеген ол өзінің «Поэзия өнері жайында» (қысқаша «Поэтика») атты еңбегі бірнеше ғасырлық дәстүрдің ізашары болды.

Ежелгі Грецияның ұлы қаламгерлері Гомер, Эхсил, Софокл, Европид, Аристафон т.б. шығармаларына сүйене отырып, Аристотель айтқан теориялық ой-талғамдар аз кезінде ғана емес, бүгінгі күнде де өз маңыздылығын жойған жоқ.

Іргетасын Аристотель қалаған поэтика ғылымы уақыт озған сайын дами түсті. Б.д.д. 65 – 8 ж.ж. аралығында өмір сүрген Горацийдің «Поэзия ғылымы» атты еңбегінде риторика іліміне негіз салынды. Бұл ғылым ғасырлар бойында үзіліссіз даму үстінде. Оған дәлел ретінде 1874 жылы Ресейде жарық көрген М.В.Ломоносовтың «Шешендікке қысқаша басшылық» («Краткое руководства к красноречию») еңбегін атауға болады.

Ал енді әдебиеттанудың дербес өз алдына ғылым болып қалыптасуын Александрия филология (б.д.д. III – II ғ.ғ.) кезеңімен орайлас келеді.

Жалпы өнер мен жаңа белестерге көтерілуі қайта өрлеу (XV – XVIII ғ.ғ.) дәуірімен байланысты. Аталмыш дәуірдегі ұлы тұлғалардың бірі – Леонардо да Винчи өнердің бастауы ақиқат өмірде екендігін айтады. Леонардоның пікірінше, суреткер дегеніміз - ұстаз, ал өмір - ұстаздың ұстазы.

Қайта өрлеу дәуірінің ұлы ғұламалары өмір шындығын суреттеумен қатар, гуманистік қасиеттерді сіңіру қажет екендігіне ден қойды. Бұл орайда «Құдіретті комедия» туралы Дж.Боккачонның лекцияларын атасақ та жеткілікті.

XIX ғасырдың 20-30 жылдарында Ресейде неміс философиялық жүйесінің әсерімен Пушкин жайындағы жазған топтамалары жаңа орыс әдебиетінің алғашқы тарихы болды. Ол құбылыстардың маңызын реализм және халықтық мәселелермен тығыз байланыстырды.

XIX ғасырдың орта шенінде европа елдерінде әдебиеттанудың қарастыратын салалары көбейе түсті. Әлем әдебиетін зерттеуден гөрі ұлттық әдебиетті білуге құштарлық күшейді.

XIX ғасырдың 2-ші жартысында В.Г.Белинскийдің мұраларына сүйенген А.И.Герцен, Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов өз еңбектерінде теориялық мәселелерді қозғады.

XX ғасыр әдебиеттану ғылымында басты-басты үш бағыт айқындалды. Біріншіден, шығармашылық ісші тек сыртқы құрлымын ғана белгілейтін нәрселер ретінде түсіндіруі. Екіншіден, кемел әдебиет жүйесін жасауға талаптанған бағыт. Үшіншіден, әдебиетші «Санасыздық дүниесі» арқылы түсіндіруге негізделген бағыт.

Бүгінгі әдебиеттану ғылымы әдебиеттер байланысын зерттеу, сонымен бірге өзге салалармен зерттеудің нышандары пайда болуда.

Студент меңгеруі тиіс болған мәселелер:

1. Әдебиеттану ғылымы. Мақсаты мен міндеттері
2. Әдебиеттану ғылымының салалары.
3. Әдебиет теориясы. Мақсаты мен міндеттері.
4. Әдебиет тарихы. Мақсаты мен міндеттері
5. Әдебиет сыны. Мақсаты мен міндеттері
6. Поэтика. Мақсаты мен міндеттері.
7. Жалпы поэтика.
8. Жеке поэтика.
9. Тарихи поэтика.
10. Әдебиеттану салаларының өзара байланысы.
11. Әдебиеттанудың көмекші салалары. Мақсаты мен міндеттері
12. Әдебиеттанудың басқа ғылымдармен байланысы.
13. А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш»

Пайдаланылған негізгі әдебиетер мен оқу қолданбалар тізімі

Негізгі оқулықтар

1. Ахмедов К. Әдебиеттануға кіріспе. Қарағанды, 1998 ж.
2. Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы, Санат, 2002
3. Мақыров С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. – Алматы, 1994.

Көмекші әдебиетер:

1. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. - А, 1997.
2. Абдувалитов Е. Әдебиеттану негіздері. (оқу қолданба) Т, ТМПУ, 2008.

Әдебиеттегі мазмұн мен пішін

Жоспар:

1. Мазмұн мен пішін - бірлігі.
2. Мазмұн – әділ қазылық.
3. Пішін – бейнелеуші.

Тірек таяныш сөздер: Мазмұн мен пішін - бірінен-бірі ажыратып қарауға келмейтін ұғымдар.

Әрбір шығарма бөлшектеуге келмейтін тұтас бір дүние. Ал көркем шығарманы талдау барысында оның құрамындағы түрлі бөлшектерді жеке-жеке қарастырғанда шығарманың мағыналық-пішіндік табиғатына тән бірлікті тануға болады. Олай болса, шығарманың мағыналық-пішіндік тұтастығы дегенде қандай тұтастықты түсінгеніміз жөн?

Әдебиеттің нысаны мен мақсаты қай кезде де өзара тығыз байланысты болатынын жоғарыда айтып кеттік.

Әдеби шығарма мазмұны - қашанда қаламгердің бейнелегені мен баяндағанының қосындысынан құралады. Шығармада осы бейнелеуші және айтушы бастаулардың өзара бірлескен әрекеті болғанда ғана оқырманның ойы мен сезімін байытуға қабілетті идеялық мазмұн туралы айтуға болады.

Мазмұн мен пішін - бірінен-бірі ажыратып қарауға келмейтін ұғымдар. Біздің түсінігімізше, мазмұн – «шығармада не айтылады?», пішін – «ол қалай айтылады?» деген сұрақтарға жауап іздейді.

Кез-келген қарапайым сезімді немесе ойды жеткізу қажеттілігі белгілі. Көбінесе бұл сөз арқылы іске асады. Мәселен, одағайларды алып көрелік. Олардың қай-қайсысы да нақты бір сезімді, талқынысты жеткізеді. Олар арқылы біз сол сезімнің мәнін (қуану, ренжу, таңдану, шаршау т.с.с.) түсіне аламыз. Ежелгі грек мифтерінде әділетті қазылық көзін бір қолына-семсер, бір қолына-таразы ұстаған әйел-құдай Фемида бейнесінде суреттелген. Бұл әділ қазы ешкімнің бет жүзіне қарамастан, олардың әрекеттерін дәл таразылап, кінәліні қатаң жазалайды дегенді танытады. Бұл мысалдағы таңғыш Семсер, таразы - мазмұнның негізгі сипаттарын білдіретін пішін. Мазмұн – әділ қазылық.

Мазмұн неғұрлым күрделі болған сайын, оны білдіретін пішін де бай. Бұған керісінше, пішін арқылы мазмұнның алуан қырын да тани аламыз.

Шығарманы талдау кезінде пішіні мен мазмұнды олардың өзара бірлігінде, байланысында, алмасуында түсінуге ұмтылу қажет. Мазмұн мен пішін барлық салада кездесетіні анық, алайда өнердегі мазмұн мен пішіннің ерекшелігі - оның образдылығында.

Н.Г.Чернышевский өнер мен әдебиетке тән көркем образдылықты, олардың ерекшеліктерін «өмір пішіні» деп атаған болатын. Ендеше, «өмір пішіні» дегеннің мәні неде? Әрине, көркем сөз өнерінде жинақталған «өмір пішіні»- қаламгер жаңғырта бейнелеген ақиқат өмірдің жанды суреті.

Әдебиеттегі пішін мен мазмұнды саралай қарастырғанда, әркез есте ұстайтын жәйттер бар: біріншіден, пішін мен мазмұн шындығында еш

бөлшектенбейтіні. Себебі, пішін дегеніміз - мазмұнның қабылдану сипаты да, мазмұн дегеніміз – берілген пішіннің ішкі мәні.

Сонымен пішін нақты бір мазмұнға ғана тән пішін болып көрінеді. Алайда пішіннің де белгілі бір үлгіде көрінетін сәттері бар. Бұл тұста тектер жанрлар, стильдер және композиция, т.с.с. атауға болады. Шын мәнінде әдебиет туындысында пішіндердің әралуан дайын қырлары мен бөлшектері жаңғырып, өзгеге ұқсамайтын сипат беріледі. Мәселен, әрбір көркем шығарма жанрлық, стильдік және пішіндік қарым-қатынаста әрдайым бірегей сипатта болады. Қалай болғанда да, қаламгер әдебиетке қалыптасқан жанр, стильдік тенденциялар ішінен өз шығармашылығы үшін қолайлысын тандап алатыны да заңды. Демек кез-келген әдеби туындыда жалпы әдебиетте немесе белгілі бір аймақта, халықта, дәуірде, бағытта бұрыннан бар маңызды пішіндік белгілер мен элементтер бар.

Қазіргі кезде жалпыға ортақ әдебиет пішіні саналатын жәйттер бір кезде мазмұн болған. Алғаш дүниеге келгенде көптеген жанрлар белгілер ретінде бірден көрінбей, пішіндік құбылыстар ретінде, тек үздіксіз қайталану үрдісінде ғана тұрақтап қалғаны анық. Мәселен, Италия қайта өрлеуінің бастапқы кезеңінде пайда болған новелла бірден әдеби түр ретінде қабылданған жоқ. Тек қана жұртты қызықтырған оқиға жайындағы хабар, жаңалық сипатында көрінеді. Италиян тілінде «novella» дегеніміздің өзі «жаңалық» деген сөз.

В.Г.Белинский «пішінді мазмұннан бөліп қарау - мазмұнды жою, мазмұнды, пішінен бөліп қарау – пішінді жою» деген пікірі бар. Бұл пікірдің дұрыстығына оп-оңай көз жеткізуге болады. Мысалы, пайым баяндау арқылы ақын өлеңінде бейнеленгеннің жалпы айтпағын жеткізгенімізбен, ақын сезімімен жымдаса өрілген толқыныстардың, сезімнің, ойдың барынша әсерлі қуаты жойылатындығы сөзсіз.

Қорыта айтқанда, пішін – бейнелеуші, мазмұн – бейнелеуші. Бейнелеуші мазмұн толық ашылу үшін бейнелеуші пішіннің алуан қырлығы мен байлығы керек. Сонда ғана нақтылылық пен айқындыққа қол жетеді.

Тарау бойынша студенттер меңгеруге тиісті мәселелер:

1. Әдебиеттің пайда болуы
2. Әдебиет нысаны мен мақсаты
3. Әдебиеттің өзіндік ерекшеліктері
4. Әдебиеттің ерекше тақырыбы-адам
5. Әдебиет нысаны мен мақсаты арасындағы байланыс
6. Әдебиеттің халықтығы
7. Әдебиеттің тарихилығы
8. Әдебиеттің идеялылығы
9. Көркем образ
10. Көркем образ ерекшеліктері
11. Әдебиет тілі және әдеби тіл
12. Әдебиеттегі мазмұн
13. Әдебиеттегі пішін
14. Мазмұн мен пішін тұтастығы

Пайдаланылған негізгі әдебиетер мен оқу қолданбалар тізімі

Негізгі оқулықтар

1. Ахмедов К. Әдебиеттануға кіріспе. Қарағанды, 1998 ж.
2. Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы, Санат, 2002
3. Мақыров С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. – Алматы, 1994.

Көмекші әдебиетер:

1. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. - А, 1997.
2. Абдувалитов Е. Әдебиеттану негіздері. (оқу қолданба) Т, ТМПУ, 2008.

Көркем әдебиет тілі

Жоспар:

1. Көркем сөздің ерекшелігі.
2. Суреткердің образ жасауға қажетті тілдік ізденісі .
3. Суреткер-сөз шебері.

Тірек түсінік: Көркем сөздің ерекшелігі дүниені рухани тұрғыдан меңгеруге тікелей байланысты .

Әдеби шығармада көркем образ жасау құралы тіл болып табылады. Көркем шығарманың тілі дегенде әңгіме көркем сөз жайында ой бөлісуге жетелейді.

Көркем сөз - қаламгер ойын жүзеге асыру барысында тілдің эстетикалық қасиетін үздіксіз пайдалану қажет. Біздіңше, шығарма тілі сыртқы түрі жағынан сөздіктерде және грамматикада белгіленген қағидалардан, сондай-ақ жекеленген диалектілік фактілерден, сөйлеу тілі мен жаргондардан, іс қағаздары мен ғылыми зерттеулер тілінен ерекшеленбейді.

Көркем сөздің ерекшелігі дүниені рухани тұрғыдан меңгеруге тікелей байланысты Адам баласы дүниені танып-білуге ынтасы пайда болған алғашқы сәттен бастап-ақ тілдің қызметі арқылы мақсатқа жететіндігін аңғарды. Бұл орайда көркем шығарма тіліне қатысты бірнеше мәселеге назар аударуға тура келеді. Мәселен, көптеген шығармаларда әр алуан эпитеттер, теңеулер, метафоралар мен метонимиялар сан қилы тілдік поэтикалық айшықтаулар маңызды роль атқаратыны шындық. Ең маңыздысы кейіпкердің сөйлеу тіліндегі даралықты неғұрлым айқындай түсу мақсатында қаламгер өз кейіпкерінің бойындағы тілдік ерекшеліктеріне баса назар аударады. Өйткені тіл, әдеби шығармаларға көркем образ жасау құралы және бейнелеу түрі болып табылады.

Шығармада автор сөзі де айрықша орынға ие. Қалай болғанда да, кейіпкер сөзі қаламгер ойымен орайласып жатады.

Алайда, бұған қарап, шығарма кейіпкерлерінің бәрі автор сөзімен сөйлеп, оның көзқарасын тікелей жақтап тұрады деген түйін жасауға болмайды. Жалпы автордың ойы кейіпкер тілінде көрінуі түрлі тәсілдермен асырылады.

Суреткердің образ жасауға қажетті тілдік ізденісі, әсіресе, синоним сөздерде айқын байқалады. Синонимдер өзара мәндес ұғымдар мен құбылыстарды білдіреді. Көркем шығармаға бейнеленген ойды, сезімді дәл әрі айқын, әрі әсерлі шығуына әсер етеді.

Жазушының тілінде антонимдер де қолданысқа түсіп жатады. Мағыналық жағынан қарама-қарсы сөздер болып табылатын антонимдер, көбінесе, шығармада бір-біріне кереғар құбылыстарды көрсету, қайшылықтарды бейнелеу мақсатында ұдайы ұшырайды.

Әрине, синонимдер мен антонимдерді қолданумен жазушы өз шығармасының қуатын арттыруды осымен шектелмейді. Сонымен бірге тілдің лексикалық қорларынан да пайдаланады. Олар архаизм, неологизм, диалектизм, варваризм т.с.с.

Архаизмдер, көне дәуірлер оқиғаларын өзек еткенде қолданылады. Хас шеберлер өзінің туындысында архаизмді пайдалануды өте мұқияттылықты сақтайды. Себебі оларды шектен тыс қолдану шығарма тілін ауырлатып, қиындатып жібереді.

Шығармада көркемдік мәнге ие болған сөздердің бір тобы-неологизмдер. Көркем шығармада неологизмдер екі түрлі, 1) жалпыхалықтық тілдің сөздік құрамына еніп үлгірген және 2) жазушы өзі туындатқан неологизмдер. Бірінші жағдайда неологизмдер ұлттық тіл қорындағы өзге сөздермен бірдей қолданылады да, бірақ көркемдеу құралына айнала бермейді. Халықтық тіл қазынасынан қажетті сөздің табылмауы сирек жәйт.

Диалектизмдер және варваризмдер де көркем шығармада шектеулі шеңберде пайдаланылады. Көбінесе олар кейіпкерлер тілдінде ғана ұшырайды. Қаламгер дәл сипаттайтын сөзді ана тілі қорынан таба алмаған жағдайда ғана бөгде тілдің сөзіне ден қояды.

Тілдің баюына жаңа сөздердің пайда болуы мен көне сөздердің жаңғыруы ғана әсер етпейді. Сонымен бірге тілімізде ауыспалы мағынада қолданылатын сөздер - құбылтулар (троптар) маңызды роль атқарады. Жазушы өз шығармасында алуан үлгідегі троптарды әшекейлік мақсатта емес, шығармашылық қажеттіліктен туындайды. Троптар әр түрлі деңгейде болатыны түсінікті. Соған сәйкес троптар да бірнеше түрге бөлінеді. Олар метафора, кейіптеу, аллегория, метонимия, синекдоха, гипербола, литота, ирония, сарказм, перифраз сияқты көркемдеу құралдары бар.

Тілдік айшықтауларға сөйлемде, өлеңде немесе тармақта бастапқы сөздер мен сөз тіркестерінің қайталануын білдіретін анафораны, бұған керісінше қолданылатын эпифораны қосқан орынды. Үстемелеу (градация) деп бірінен соң бірі келетін сөздердің, тіркестердің кейінгісінің алдындағы мағынаны дамыта, тереңдете, кеңейте орналасуы айтылады.

Параллелизм – екі немесе одан да көп құбылысты қатарластыра бейнелеу. Қызметі жағынан параллелизм теңеуге жақын. Ал мағынасы қарама-қарсы сөздер мен сөз тіркестері арқылы түрлі құбылыстарды бейнелеу үшін қолданылатын тілдік айшықтардың түрі антитеза немесе шендестіру деп аталады. Сөйлемде жекеленген сөздерді, кейде тұтастай тіркестерді тастап кету эллипсис деп аталады. Жазушы сөзбен бейнелеуге тіл қуаты жетпейтіндей аса күрделі құбылысты түйсікпен қабылдауда эллипсис тәсіліне жүгінеді. Сөйлемдегі сөздердің қалыптан тыс орналасу ретін білдіретін инверсия да өзіндік орынға ие.

Қысқасы, қаламгер көркем бейнені жасауда тілдік құралдарды мейлінше шеберлікпен пайдалануды қажет етеді.

Пайдаланылған негізгі әдебиетер мен оқу қолданбалар тізімі

Негізгі оқулықтар

1. Ахмедов К. Әдебиеттануға кіріспе. Қарағанды, 1998 ж.
2. Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы, Санат, 2002
3. Мақпыров С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. – Алматы, 1994.

Көмекші әдебиетер:

1. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. - А, 1997.
2. Абдувалитов Е. Әдебиеттану негіздері. (оқу қолданба) Т, ТМПУ, 2008.

Өлең және оның құрылысы

Жоспар:

1. Өлең туралы.
2. Өлең және қарасөз.
3. Өлең-сөздің сарасы..

Тірек түсінік: Өлең-лирикалық қаһарманның сан қилы көңіл күйін танытатын тілдің ерекше құрылымы.

Қай халықтың әдебиетінде де поэзиялық туындылардың алар орны айрықша. Поэзия дегенде ойымыз өлеңге ойысатын да түсінікті. Сонда, өлең дегеніміз өзі не? Бұл сұраққа жауап беру үшін төмендегі екі сұраққа жауап беруге тура келеді. 1) Өлеңнің прозадан айырмашылығы қандай? 2) Бір өлеңнің екінші өлеңнен айырмашылығы қандай?

Бір қызығы осылардың ішіндегі ең қиыны - алғашқы сұрақ. Егер оны әр түрлі жастағы адамдарға қояр болсақ, мектеп жасына жетпеген балдырған:

«Өлең қысқа-қысқа жолдармен жазылады», оқушы «өлеңде ырғақ пен ұйқас болады», студент «Өлең-лирикалық қаһарманның сан қилы көңіл күйін танытатын тілдің ерекше құрылымы» деп жауап берер еді. Үшеуі де дұрыс жауап берді, бірақ өлеңнің анықтамасына жақынырағы балдырғанның жауабы. Өйткені біздің түсінігімізде қалыптасқан «өлең» грек тілінде «қатар, жол» деген мағына беретін «σλiχος» латынның «бұрылыс» өзектес. Енді «өлең дегеніміз не? деген сұраққа жауап қарастыралық. Белгілі әдебиет теоретигі, академик З.Қабдолов: «өлең-еркін сөйлейтін жай сөздер тіркесі емес, ырғағы мен ұйқасы белгілі қалыпқа түскен, шумағы мен бунағына дейін белгілі тәртіпке бағынған нақысты сөздер тізбегі» деп тұжырым жасайды. Және бір тұста «поэзия дейтініміз - өлеңді шығармалар» (Сөз өнері- А, 1982 254-255 б) деген ой айтады.

1998 жылы жарық көрген «Әдебиеттер сөздігі» атты еңбекте «өлең» терминінің бірнеше мағыналық қолданысы көрсетілген. 1) Ән өлең, ән салып, ән шырқап айтатын өлең, яғни музыкалық өнер.

2) Көбінесе жеңіл, ықшамды ғана әуенмен, мақаммен айтылатын өлеңдер, жырлар, ауызша поэзия туындысы.

3) оқылатын, сөйлей алатын өлең, жазба поэзияның туындысы (249 б)

Ал өлеңге тән дыбыстық бөлшектерге шумақ, тармақ, бунақ, ырғақ жататыны белгілі. Әдебиеттануда «өлең құрылысы» немесе «версификация» деген түсінік бар. Яғни бұл сөз «өлең құрастырушылық» деген мағына береді. Бір дәуірдегі өлеңнің басты айырмашылығы - тармақ өлшемінде. Көркем мәтін белгілі бір өлшемге негізделген тармақтарға бөлінеді, тармақ реттілікке бағынады.

Тармақ сөзбен, бунақпен, буынмен өлшенеді. Барлық тілдегі өлең тармағының негізгі өлшем бірлігі – буын. Буынның фонетикалық негізгі сипаттарына әуез, сан, екпін сияқты белгілері алынады да, соған орай өлең жүйелері метрикалық, силлабикалық, тоникалық, силлабо-тоникалық болып сараланады.

Өлең жүйелері. Метрикалық жүйе-тармақтағы дыбыстық өлшемдер буындардың созылыңқы немесе қысқа қайрылуы арқылы реттелетін өлең құрылысы. Сөз мағынасын өзгертуге ықпалды тілдерге тән.

Жарқын үлгілері:

- 1) антикалық өлең құрылысына
- 2) араб және парсы поэмасындағы аруздан
- 3) санскрит тіліндегі джатидан
- 4) фин және қытай классикалық өлең құрамы.

Метрикалық өлшеміне негіз болатын – мора. Дыбысты айтуға кететін уақыт өлшемінің ең кіші бөлігі. Мысалы: ұзақ буын – екі мора, ямб – үш мораға тең болады.

Әр тілге тән өлеңдердің бір-бірінен айырмашылығы - тармақ өлшеміне байланысты дедік. Тармақ өлшемінің негізгі бірлігі – буын болатынын ескерттік.

Грек тілінде «буын» деген мағына беретін «sillabe» сөзінен бастау алатын силлабикалық өлең жүйесі де тармақтар құрамындағы буынға байланысты дараланады. Силлабикалық өлең жүйеде өлең құрылысын буын саны белгілейді. Өлең құрылысы силлабикалық жүйеге негізделетін тілдер қатарына ведий, авеста, балтық теңізі жағалауы халықтарының тілдерін (харват, чех, балғар) жатқызуға болады.

Қазақ өлеңі силлабикалық өлең жүйесіне жатады. Қазақ өлеңі жайында кеңінен мағлұмат алуға З.Ахметов, З.Қабдолов, М.Базарбаев т.б. ғалымдардың өлең теориясына арналған зерттеулерін оқуға кеңес береміз.

Тоникалық өлең жүйесіндегі тармақ өлшемі екпін түсетін буын санымен есептеледі. Яғни тоникалық жүйедегі өлшем – екпін саны болып табылады.

Тоникалық және силлаба-тоникалық өлең жүйесіне қатысты «икт», «икт аралық интервал», «арсис», «тезис» деген де терминдер ұшырасып тұрады. Тура мағынасында, латын тілінде «ictus»- «соққы, екпін», грек тілінде «arsis» -«көтеру» «thesis» - «аяқтан төмен түсу» деп аударылады. Екпінді және екпінсіз буындардың белгілі бір тәртіптен кезектесе келуіне негізделетін силлабо-тоникалық жүйе бар. Бұл жүйеге тән белгілі өлең түрлері де бар. Олар бунаққа негізделеді. Қос буынды өлшемдік өлеңдерге хорей, ямб, үш буындарға дактиль, амфибрахий, анапест жатады.

Қорыта айтар болсақ, өлең ұғымы ХІХ-ХХ ғасырларда нақты мазмұнға иелене бастады. Әрине, өлең туралы ұзақ әңгімелеуге болады. Әдебиеттануда өлең мәселесін арнайы қарастыратын «Өлеңтану» деген сала да бар. Біз мейлінше адамның ой-сезіміндегі өлеңге бейімділігі туралы сөз еттік.

Тарау бойынша студент меңгеруге тиісті мәселелер:

1. Өлең туралы түсінік
2. Метрикалық өлең жүйесі
3. Силлабикалық өлең жүйесі
4. Тоникалық өлең жүйесі.
5. Силлабо-тоникалық өлең жүйесі

Пайдаланылған негізгі әдебиетер мен оқу қолданбалар тізімі

Негізгі оқулықтар

1. Ахмедов К. Әдебиеттануға кіріспе. Қарағанды, 1998 ж.
2. Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы, Санат, 2002
3. Мақпыров С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. – Алматы, 1994.

Көмекші әдебиетер:

1. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. - А, 1997.
2. Абдувалитов Е. Әдебиеттану негіздері. (оқу қолданба) Т, ТМПУ, 2008.

Әдеби процесс

Жоспар:

1. Әдеби процесс түсінігі
2. Әдеби дамудағы ерекшелік
3. Әдеби бағыт

Тірек сөздер: Қазақ әдебиетіндегі әдеби процесс, бағыт.

Көркем әдебиет бірде өрлеп, бірде тақырып атаулының сан ғасырлық тарихы бар. Әдебиет даму тарихында өрлеу мен тоқыраудың алма-кезек ауысып келіп отыруының сыры түрлі қоғамдық дәуірдегі әрқилы жағдайларға байланысты.

Адамның, оның жеке басының басты мәселеге айналуы, жалпыхалықтық, рухани ой-сана проблемаларының күшеюі, жанұя мәселесіне көп көңіл аударылуына байланысты болып табылады. Бұл мәселелерге жауапты қазіргі қазақ лирикасынан Қ. Мырзалиев лирикалары мен Ғ.Қайырбеков, Ж.Молдағалиев поэмаларынан молынан кездестіруге болады.

Егемендік жағдайындағы халықтық ұлттық сезімін оятушы, сенімділікке үндейтін елендер – бүгінгі әдеби процесте алдыңғы және жетекші жанр

болды. Поэзиядағы жана тарихи сезімге үндеу, рухани толысу және ой-сезім тазалығына үндеу идеялары алға қойылды.

Қазіргі қазақ поэмасындағы жанр, түр ізденістер де басты мәселелерге айналды. Бүгінгі поэманың жаңашылдығы жаңа идеялардың пайда болуы, дәуір тынысын жаңаша сипаттау. Сабырхан Асановтың «Сағыныш сазы» Оралтай Біләловтың «Дала мен домбыра» поэмаларын такырыптық тұрғыдан талдауға тұрарлық шығармалар. Монолог типіндегі лирикалық поэмалар, поэмадағы лирикалық қаһарман бейнесі, эпикалық элементтер араласқан поэма-дастандар. Дастандарға эпикалық элементтердің кірігуі — дәуірдің талабы. Әдістер мен түрлерді дамыту жолындағы ізденістердің әрі қарай жалғас табуы лироэпикалық және драмалық түрлерді жетілдірілу қажеттігін пайда етеді.

Ұлттық дамудың ерекшеліктері, қалай болғанда да өнер туындыларының мазмұны мен нақты тарихын белгілейді. Мысалы, хандық дәуір – жыраулар поэзиясы. Абылай-Бұқар қоғамы мен Абай т.с.с. Демек, тарих дамудың түрлі кезеңдерінде қоғамдық ұлғаю әдебиетке өз ізін, сәулесін түсіреді. Сондықтан шынайы өнер туындылары қай кезеңде жасалса да, мәңгілік маңызын жоғалтпауының бірнеше шарты бар.

Біріншіден, белгілі бір кезеңдегі ақиқат өмірдің көркем туындыда көрініс табуының өзіндік ерекшелігі, екіншіден, төменнен жоғарыға қарай өсу ерекшелігі.

Әрбір тарихи дәуірдің қайталанбас өзіндік ерекшелігі болатыны сияқты, белгілі бір кезеңге тән адамдардың ой-сезімдері де тура сол сипатта, сол қалпында ешқандай қайталанбайды.

Әр ұрпақ өзінен бұрынғы білімді, тәжірибені игеру арқылы дамиды. Сондықтан, адамзат дамуындағы сабақтастық әдебиетке де тән құбылыс. Әдеби дамудағы сабақтастық дегенде, ескеретін жәйттер бар. Мәселен, әдебиеттегі идеялардың, көркем бейне мен типтер туралы сөз қозғағанда, олардың өзіндік ерекшеліктерін айыра білу қажет. Нақтылай айтсақ, идея сабақтастығын бір-біріне жақын қаламгерлерден аңғаруға болады.

Идея сабақтастығы әлеуметтік күштердің дамуындағы жалғастық көрінісі болып табылады. Бұл дегеніміз жаңа дәуірде бұрынғы идеяны тереңдете, толықтыра түсу екені түсінікті болса керек.

Қаламгердің жаңашылдығы мен оның өз алдында ізашарлармен арасындағы сабақтастық байланысын танып-білудің маңызы зор. Мұны танып-білмейінше, қандай да бір қаламгердің әдебиет тарихындағы орны мен әдеби процестегі ролін айқындау мүмкін емес.

Себебі, әдеби процесс мәселесін қарастыру көптеген күрделі проблемаларды шешуге мүмкіндік жасайды. Бұлардың негізінде поэтикалық идеялар мен түрлердің бір-біріне ауысуын, ескінің жаңаға орын беруі, соның әсерінен әдеби стильдердің, бағыттардың, ағымдар мен әдістердің өзгеруін айтуға болады.

Әрбір әдеби бағыт өзінің көшбастаушылары мен теоретиктерін алға шығарып, бұлар арқылы әдебиет дамуындағы мәнінен айрылған ескіні ығыстырып, өздерінің жаңа шығармашылық ұстанымдарын ұсынады.

Мәселен, XVII ғасырда Францияда Барокко стилін ығыстыру арқылы классицизм ұстанымдары көркемдік сахнаға көтерілді. Бұдан кейін романтиктер классицизм қағидаларын жоққа шығарды. Одан соң реалистер романтиктердің көзқарастарын теріске шығарып, өмірді объективтік тұрғыдан бейнелеуді алға қойды. Бұл орайда бір бағыттың (ағымның, әдістің) өзінде де түрлі кезеңдер болып жататынын ескермеуге болмайды. Мысалы, бір ғана реализм әдісінің өзі ағартушы реализм, психологиялық реализм, сыншыл реализм, социалистік реализм сияқты сатыларды бастан өткерді.

Әдеби процесс, әсіресе, әдеби жанрлар тарихынан байқалады. Мәселен, роман дамуын қарастыратын болсақ, сол арқылы көркемдік әдістер мен бағыттардың алмасуын байқар едік. Мысалы: М.Сервантестің «Дон Кихоты» қайта өрлеу дәуіріне, Д.Дефонның «Робинзон Крузосы» ағарту кезеңіне, В. Гюгоның «Париж Тәңіриясының Соборы» романтизм дәуіріне О.де Бальзак, Ч.Диккенс, И.С.Туринов, Ф.М.Достоевский романдары сыншыл реализм кезеңіне тән. Социализм дәуірі М.Шолоховтың «Тынық Донын», М.Әуезовтың «Абай жолын» тудырды.

«Әдеби процесс»-XX ғасырдың 20-30 жылдары шенінде пайда болса да, тек 70-жылдардан бастап қана кеңінен қолданысқа енген термин.

Қазіргі таңда әдеби процесс дегенде нені түсінеміз келер болсақ, белгілі ғалым А.Ысмақова «Әдеби процесс-бұл белгілі бір дәуірде, сонымен қатар, ұлттар мен елдердің, аймақтардың, әлемнің күллі тарихи кезеңдерінде өмір сүріп келе жатқан әдебиеттің тарихы - заңды қозғалысы» - дейді («Әдебиеттану терминдер сөздігі» Алматы; «Ана тілі», 1998.- 72-бет)

Әдеби үрдістің ажырамас бір саласы – халықаралық әдебиеттер байланысы, өзге ұлт тәжірибесін игеру бір-біріне ұқсамайтын түрлі халықтар әдебиеттерінің қалыптасуындағы шешуші мәселе. Қазіргі ғылым әдебиеттердің байланысы мен әсер ықпалын қай кездегіден де кең ауқымда қарастырады. Біздіңше, әдебиеттердің байланысы дегеніміз тақырыптар, образдар, сарындар мен сюжеттер, жанрлар мен олардың жүйелері т.с.с. болып табылады.

Әлеуметтік-тарихи өзгерістермен ұштасып жататын әдеби процесс өзара тығыз байланысты екі факторға негізделеді 1) ұлттық-мәдени дәстүр және 2) басқа ұлт мәдениетінің әсері.

Демек, әр ұлт әдебиетінің бұлжымас шарты - басқаның жақсы жақтарын бойына сіңіру мен өз дәстүріне адалдық болады.

Әдеби бағыт пен ағым-көптеген жазушылардың, топтар мен мектептердің шығармашылығына тән және мақсаттардың, тақырыптардың, жанрлар мен стильдердің жиынтығы.

Қысқа қайыра болсақ, бағыт көркемдік мазмұнның мәнін белгілейді. Ал бір бағытта бірнеше ағым, мектептің болуы ұшыраса береді. Демек, ағымдар бағыттың алуан түрлері болып табылады.

Классицизм. «Классицизм» атауының түп негізі латын тілінде «үлгілі» деген мағына білдіретін «classicus» сөзінен бастау алады. Ал классицизм дегеніміздің өзі - Еуропа өнері мен әдебиеті тарихында XVII ғасырдан басталып, XIX ғасырдың бас кезіне дейін ұласқан бағыт.

Классицизм поэтикасының ілкі нышандары кейінгі қайта өрлеу дәуірінде Италия жерінде көрінгенімен, тұтас көркемдік жүйе ретінде XVII ғасырда Францияда қалыптасты. Француз классицизмінің поэтикасы Н.Буалонның «Поэтикалық өнер» аталатын еңбегінде ғана жан-жақты жүйеленді.

Сонымен, классицизмге тән сипат-асқақ азаматтық тематика, шығармашылық нақты қағидалар мен ережелерді қатаң сақтау болып табылады.

Орыс классицизмі XVIII ғасырдың екінші ширегінде А.О.Кантемир, В.К.Тридиакковский, М.В.Ломоносов шығармалары арқылы дүниеге келіп, ғасырдың екінші жартысында А.П.Сумароков, О.И.Фонвизин, М.М.Херасков, В.А.Озеров, Ғ.Р.Державин шығармашылықтарында дамып жетілді. Олардың шығармашылықтары ода мен эпопеядан бастап, мысал мен комедияға дейін барлық маңызды жылдарды қамтыды.

Классицизм - Еуропаның көркемдік әлемінде ұзақ өмір сүре білген ағым. Әдебиетте XVII- XVIII ғасырларда кең ауқымда өрістеп, сәулет өнерінде XIX ғасырға дейін сақталды. Дегенмен, XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында классицизмнің шындық өмірмен байланысы алшақтай түсті де, көшбастаушылық мәнінен айырыла бастады. Осы тұста классицизм, әсіресе романтиктер тарапынан өткір сынға ұшырады. Классицизм орнына еуропа өнеріндегі үстем стиль болып романтизм орнықты.

Сентиментализм. Романтизм мен реализмнен бұрын классицизмді алмастырған ағым сентиментализм болды.

Сентиментализм-XVIII ғасырдың екінші жартысында еуропа әдебиеті мен өнеріндегі ағым. Ағым атауының негізі француздың sentimentaliste, ағылшынның sentimental-сезімтал, sentiment- сезім деген сөздерінен өрбиді.

Бұл ағым еуропалық қоғамда ағартушылық рационализмнің құлдырауына байланысты туып, әсіресе, Англияда айрықша маңызды сипаттарымен танылды. Рационализм – «болмыстың негізі - ақыл-ой» деп түсіндіретін бағыт. Сентиментализм адамдық қасиеттің басты шарты- ақыл-ой емес, сезім деп мәлімдеді.

Ресейдегі сентиментализмнің танымал өкілдері М.И.Муряев, Н.М.Карамзин, И.И.Дмитриев, И.А.Львов, жас В.А.Жуковский болды. Сентиментализм поэтикасына тән сипаттар А.И. Разицев шығармашылығында да байқалады. Дворяндық сипаты басым орыс сентиментализмінде белгілі бір дәрежеде ақылгөйлік сарын орын алды. Мәселен, Н.М.Карамзиннің «Орыс саяхатшысының хаттарында» дидактикалық мақсат ерекше байқалады. Орыс сентименталистері, әдеби тілді жетілдіре отырып, ауызекі сөйлеу нормаларын да қалыс қалдырмастан, пайдаланып отырды.

Өзін дүниеге келтірген дидактикалық міндеттермен арадағы үйлесімсіздіктің ұлғайы XVIII ғасырдың 80-90 жылдары сентиментализмді әдеби бағыт ретінде тоқырауға алып келді.

Тарау бойынша студент меңгеруге тиісті мәселелер:

1. Әдеби даму туралы түсінік
2. Әдеби процесс туралы түсінік
3. Әдеби процестегі ұлттық-мәдени дәстүр
4. Әдеби процестегі басқа ұлт мәдениетінің әсері
6. Әдеби ағым туралы түсінік
7. Әдеби бағыт туралы түсінік
8. Классицизм және оның негізгі өкілдері
9. Классицизмнің негізгі ұстанымдары
10. Сентиментализмнің пайда болуы

Пайдаланылған негізгі әдебиетер мен оқу қолданбалар тізімі

Негізгі оқулықтар

1. Ахмедов К. Әдебиеттануға кіріспе. Қарағанды, 1998 ж.
2. Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы, Санат, 2002
3. Мақыпов С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. – Алматы, 1994.

Көмекші әдебиетер:

1. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. - А, 1997.
2. Абдувалитов Е. Әдебиеттану негіздері. (оқу қолданба) Т, ТМПУ, 2008.

Әдебиеттің тектері туралы

Жоспар:

1. Әдебиеттегі тектердің қалыптасуы
2. Әдебиеттегі түрлер
3. Әдеби жанр

Тірек сөздер: Қазақ әдебиетіндегі «тек», «түр», «жанр» ұғымдары

Әдебиеттегі «тек», «түр», «жанр» ұғымдары бірімен-бірі тығыз байланысты ғалымдардың бір тобы «әдебиеттегі тек» дегеннің орына «жанрды» пайдаланып, оның түрлі қолданыстағы үлгілерін түр деп таныды. Келесі ғалымдардың пікірінше, «тек» ұғым ретінде бейнелеу тәсілдері, яғни эстетикалық тәсілдер түсініліп, «түр» мағынасында эпикалық, лирикалық, драмалық әдебиетінің алуан формалары (роман, ода, комедия) қолданылады да, «жанр» ұғымы әдебиеттегі түрлердің әрқилы үлгілері (тарихи роман, сатиралық комедия, саяси ода) ретінде көрінеді.

Әдебиеттің тектері жеке-дара тұрып әдеби шығарманың формасы бола алмайды, олар тек бейнелеудің ортақ ұстанымдарын танытады. Бұл ұстанымдар әдеби даму процесінде туып қалыптасып жататын эпикалық,

лирикалық, драмалық формалар жүзеге асады. Эпикалық бейнелеу эпопеяда, мысалда, поэмада, баллада да, әңгімеде, повесте, романда, очеркте, мемуарларда іске асса, лирикалық тәсіл ода, элегия, сатира, эпиграммаларда қолданылады. Драманың өзін әлеуметтік-трагедия, комедия, драма орын алады. Мәселен, романның өзін әлеуметтік-психология, философиялық, сатиралық, ғылыми-фантастикалық т.с.с романдар деп қарастыруға болады. Түрдің таңдау көп жағдайда қаламгердің қабілет-дарынына байланысты. Кейбір жазушылар әдеби шығармашылықтың барлық түріне де бірдей қабілетті болып, өз туындысы үшін қажетті түрді таңдауы мүмкін. Мысалы, І.Жансүгіров шығармашылығында поэма да, драма да, роман да, фельетон да кездеседі. Дегенмен жазушының кей жағдайда дарын бір ғана жекелеген әдеби түрлері жарқырай түседі. Б.Майлин шеберлігі прозалық түрлерде жарқырай көрінеді.

Әдеби түрдің шығарма мазмұнына қарап, қандай да бір түр белгілі бір мазмұнға ғана тән деуге болмайды. Бірдей жанрлар мен түрлерді жазушы өзінің мақсатына орай идеялық мақсаттарды шешу үшін қолдана береді. Мысалы, М.Жұмабаевтың «Батыр Баян», С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмаларындағы Абылай хан бейнесі.

Әдебиет те өзімізге белгілі үш текке бөлініп, уақыт өте келе сол тектерден алуан үлгідегі түрлер мен жанрлар даралана бастайды. Әрине, барлық халықтарда көркем шығармашылық бірыңғай ретпен, бірдей жүйемен дамымайтыны түсінікті. қоғамдық қатынастардың нәтижесінде әр халық ұлттық көркемдік дамуын айқындағаны анық.

Жекелеген ұлт әдебиетінде, мысалы, қазақ әдебиеті тарихындағы жыраулық поэзия, шешендік өнер, ХХ ғасыр басындағы ағартушылық және ағартушылық-демократтық бағыт, т.с.с.

Әдебиетті жіктеу дәстүрі Аристотельдің «Поэзия өнері туралы» трактатынан басталып, әдеби тектерді қалыпты поэтика деп қарастырған француз классицизмінде, сондай-ақ Гетеден Гегельге дейін қамтитын неміс классикалық эстетикасында жалғасын тапты.

Ең алғаш рет ежелгі грек философы Аристотельдің «Поэзия өнері жайында» атты трактатында (б.д.д. IVғ) белгіленген әдеби тектер дамудың ұзақ жолына өтіп, сан қырлы ғылыми және философиялық тұрғыдан қарастырылды. Ал, неміс философы Г.Гегель еңбектерінде үш тек идеясы философиялық-логикалық жағынан негізделеді. Гегель пікірі бойынша, эпос шығармашылықтың объективті бастауына сәйкес келеді, лирика субъективтілікке драма өз бойына объективті пен субъективтілікті бірдей тоғыстырады. Басқаша айтқанда, эпикалық туындыларда оқиға, лирикада әсер, драмада әрекет басым болады.

Кейінгі дәуірдегі әдебиеттанушылар бұл мәселеге шығармашылық тұрғыдан келеді. Мысалы, В.Г.Белинский ХІХ ғасырдағы Ресей әдебиетіндегі түрлі әдеби тектердің өзара сабақтастығын заңды түрдегі даму үрдісін көре білді.

Түйіндей келгенде, жазушы бейнелеген өмір суреттерінде дүние мен адам қарым-қатнасын белгілейтін шығарма құрудың тәсілдері әдеби тектер болып

табылады. Сәл басқаша айтқанда, әдеби тектерді әдеби шығармашылықтың жанақы типі деуге де болады.

Әдеби түрлер. Әдеби түрлерді алғаш рет Аристотель теориялық тұрғыдан қалыптастырды. одан кейінгі дәуірлердегі көзқарастарды Г.Лессинг, Н.Буало, Г.Гегель, Ф.Шиллер, В.Г.Белинский пікірлерінен көруге болады. Шындығында, теориялық тұрғыдан әдеби түр мен жанр ұғымдары бір-бірімен алмасып та кетеді. Дәлел ретінде бір ғана «драма» сөзінің тек, түр, жанр ретінде қатар қолданыла беретінін келтіруге болады. Мысалы, «драма-оқиға, іс-әрекетіті диалог арқылы бейнелеу» десек, тек мәнінде; О.Бөкейдің «құлыным менің» драмасы десек, түр мәнінде; тарихи драма десек, жанр мәнінде қабылдау қажеттігі анық.

Тұжыра айтқанда, әрбір әдеби тектің өзіне тән әдеби түрлері бар. Мысалы, эпостық негізгі түрлеріне-эпопея, роман, повесть, әңгіме, поэма, лирикаға-лирикалық өлең, лирикалық поэма, жыр драмаға-трагедия, драма, комедия жатады.

Шығарма түрі анықтауда кейбір жағдайларда көлемнің де маңызды роль атқаратыны рас. Бірақ шығарманың түрін анықтаймын деп арамтер болудың қажеті жоқ. Сондықтан әдеби түрлердің бәріне болмаса да, кейбіреуіне назар аударып көрелік.

Эпопея. Эпостың негізгі түрлерінің бірі-эпопея тарихи тамыры әріден басталады. Ұлыстар мен халықтардың ең алғаш қалыптаса бастаған көне дәуірінде бірқатар елдерде сол халықтың тарихынан алынған оқиғалар жайында баяндайтын қаһармандық жырлар жасалады бастады.

Қаһармандық жырлардың өзегіне жалпыхалықтық маңызға ие оқиғалар алынады. Ежелгі Грецияда «Илиада», «Одессия» тәрізді ұлы эпопеялар жасалды. Эпопея өзегі – барша халық өмірі үшін аса маңызды әсіресе, үнді халқының «Махабхарата», «Рамайна» эпостарын атап өту дұрыс.

Классикалық эпопея үзіндісін жалғастыруға ұмтылыс кейінгі дәуірлерде де кездесті. Мысалы, б.д.д. Вергилийдің «Энеида», португалия ақыны Камозитің «Лузиада» (XVI ғ), итальян ақыны Торквато Тассоның «Азамат болған Иерусалим» (XVI ғ), неміс ақыны Клопштоктың «Мессиядасы» (XVIII ғ), т.б. атауға болады.

Эпопеяның жекелеген белгілері қандайда да бір халық өмірінен аса маңызды орын алатын оқиғаны белгілейтін және сол оқиғаға халық өмірінен аса маңызды ұлы жазушылардың шығармаларында жиі орын алып отырады. Бұған дәлел ретінде Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» М.Әуезовтың «Абай жолы», т.с.с.шығармаларды атай аламыз.

Роман. Алғашында орта ғасырларда роман тілдерінде жазылған шығармалардың барлығы да «роман» деп аталған. Француз және неміс тілдеріндегі «роман» сөзінің түр атауына ұласуы әдеби дамуға байланысты. Қазаргі таңда роман деп үлкен көлемдегі және прозалық үлгіде жазылған эпикалық туындыны айтамыз. Бүгінгі әдебиетке повесть, әңгімелермен қатар роман да маңызды орын иелейді. Романда негізгі роль атқаратын жағдай оқиғаны жүйе-жүйесімен суреттеу болып табылады.

Романның шын мәнінде өркендеуі ХІХ ғасырдың еншісінде. Осы кезеңнен бастап романның түрлі жанрлары яғни әлеуметтік, саяси, тарихи, философиялық, психологиялық, тұрмыстық, фантастикалық, детектив, т.с.с. романдар кеңінен қанат жая бастады. ХІХ ғасырда роман әдебиетінің өзге жанрларын жетістіктерін өз бойына дарыта, кемелдене түсті. Әсіресе, психологиялық роман бұрын соңды болмаған жетістіктерге жетті. Роман-эпопея туды. Қазіргі таңда да роман өзінің тарихи маңызын жоймаған әдеби түрлердің бірі екені белгілі.

Повесть. «Повесть дегеніміз шағын көлемді роман» деген Белинскийдің пікірі бар. Повесте роман сияқты қаһарманның сипаты, қоршаған орта, адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынас кеңінен суреттеледі. Дегенмен роман мен повесть арасында айырмашылық бар.

Романға қарағанда, повесте қамтылатын материал шағын болып келеді. Алайда, мейлінше айқын суреттеледі. Сонымен бірге, повесте автордың өзі бейнелеп отырған құбылыстарға, адамдар бейнесіне деген көзқарасы анағұрлым күшті сезіледі.

Повесте, әңгімедегі сияқты, ауызша баяндауға тән белгілердің де сақталатыны бар. Өзге де прозалық жанрлар сияқты, повестің де көнеден келе жатқан шығу тегі бар. Мәселен, повесть жеке адам тағдырына және барша сипаттарды ертегі мен аңыздардан алмасқан. Қорытындылап айтқанда, повесть-ауызша әңгімелеу мен жазбаша баяндау дәстүрлерін өз бойына тоғыстырған әдеби түр болып саналады.

Әңгіме және новелла. «Әңгіме» термин ретінде әдебиеттануда әдеби түр мен әдеби жанр ретінде екі мағынада қолданылады. Әңгімені осы екі мағынада қарастырып көрелік. Біріншіден, әңгіме - біртұтас көркем оқиғаны баяндай бейнелеуге арналған, мәтін көлемі шағын әдеби түр. Жазушының әңгіме жазу барысында парақ санына емес, тәсіліне байланысты. Мысалы, повесть кең ауқымда, әңгімеде мейлінше шағын көлемде көрініс табады.

Әдеби түр ретінде әңгіменің тарихи қалыптасқан екі жанры бар: біріншісі-әңгіме (жанр мағынасында), екіншісі-новелла.

Әңгіме мен новелла жанрларының ішкі құрылысында бір-біріне кереғар сипаттар бар. Бұл кереғар ерекшеліктерге ден қойсақ.

Новелладағы өткір тартыс драматизм толы сюжет тән болып келеді де көбінесе оқыс шешіммен аяқталып отырады. Бұған мысал ретінде Д.Ж.Боккаччо, Ф.Саккейти, П.Мериме туындыларын атауға боллады.

Қалай болғанда да әдеби түр ретінде новелла драматизмге тән болса, әңгімеге көбінесе лиризмге жақын болып келеді. Сондықтан новелла мен әңгіме жанры өзара тең дәрежеде бірін-бірі толықтырып отыратын бір әдеби түрдің екі жанры болып табылады.

Поэма. Лирика мен эпос-әдеби тек болса, поэма-әдеби түр. Түр тектен өрбиді. Ал поэма әдеби түр ретінде эпосқа тән. Себебі-поэма (грек тілінде роіета, түбірі роіео-жасаймын, туындатамын)-өлең сөзбен жазылған әңгімелеу сипаты басым көлемді туынды. Эпикалық сюжетпен қатар лирикалық сюжетке құрылатын поэмаларда кездеседі. Бұл орайда оның

романмен белгілі бір дәрежеде ұқсастығы бар. Айырмашылық - көбінесе романның проза тілінде, поэманың поэзия тілінде жазылуында.

Поэмада көтерілген проблемалар, тақырып пен идея, сюжетпен пен композиция, қаһармандар жүйесі, т.с.с барлығы да эпикалық кең тынысқа негізделеді. Сондай-ақ қара сөзбен жазылған поэмалар бар екенін де ескерген жөн. Мысалы, -Ғ.Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне» поэмасы.

Әрине, эпосқа тән әдеби түрлер жоғарыда сөз болған эпопея, роман, повесть, әңгімелермен ғана шектелмейді. Сонымен қоса олардың қатарына очерк, мысал, аңыз, ертегі, мифтер енеді. Лирикалық түрлерге трагедия, комедия, драма жатады. Бұл түрлер жайында белгілі мағлұмат берілгендіктен, сол еңбектерді оқуға кеңес береміз.

Әдеби жанрлар. Әдебиеттану ғылымында көркем шығармаларға тән қолданылатын «жанр» деген ұғым бар. Мәселен, адамдардың жазу мәдениеті тұрақты жанрлық формалар арқылы көрінеді. Біздің жазғандарымыздың бәрі: күнделік, хат, оқушы шығармасы, баяндама, қабырға газетіндегі хабар т.с.с-белгілі бір заңдылықтар мен талаптарға сай нақты жанрлар. Себебі қандай да бір мәтінді жанрдан тыс жазу мүмкін емес. Мысалы, әлдебір ойыңызды ақ қағазға түсірдіңіз делік. Дәл сол сәтте әдеби тұрғыдан нақты бір мақсат қоймауыңыз да мүмкін. Бірақ, сол үзінді сіздің ырқыңыздан тыс қандай да бір жанрдың үлгісі болып шығары сөзсіз.

«Жанр» сөзі француз тілінен аударғанда «тек» деген мағынаны береді. Қазіргі күнде тек бұрынғы кезеңдерде жанр деп атаған. Бұдан біз байқаймыз «жанр» ұғымының «түр» ұғымымен біршама мәндес екендігін байқалады.

Жанрлардың өзара ұштасу үрдісі әдебиеттің жаңару кезеңінде ерекше байқалады. Мәселен, XIX ғасырда орыс реализмінің қалыптасып, гүлдену тұсында А.С.Пушкин қалыптан тыс жаңа жанр үлгісін-өлеңмен жазылған романды (Евгений Онегин) жасады. «Жанр» термині кейде әдеби түр терминімен бірдей қолданылып «түр» ретінде шығармалардың ең ірі топтары аталады; бірақ керісінше қолдану да кездеседі. Мысалы, роман-жанр, тарихи роман-түр.

Тарау бойынша студент меңгеруге тиісті мәселелер:

1. Әдеби тек туралы түсінік
2. Роман туралы түсінік
3. Ода
4. Комедия
6. Әңгіме мен повесть
7. Поэма туралы түсінік

Пайдаланылған негізгі әдебиетер мен оқу қолданбалар тізімі

Негізгі оқулықтар

1. Ахмедов К. Әдебиеттануға кіріспе. Қарағанды, 1998 ж.
2. Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы, Санат, 2002

3. Мақыров С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. – Алматы, 1994.

Көмекші әдебиетер:

1. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. - А, 1997.

2. Абдувалитов Е. Әдебиеттану негіздері. (оқу қолданба) Т, ТМПУ, 2008.

Стиль және әдеби әдіс туралы түсініктеме беру

Жоспар:

1. Стиль және әдеби әдіс туралы
2. Стиль мен әдістің бірлігі
3. Стиль және әдеби әдіс өзгешелігі
4. Әрбір жазушының өзіндік стилі

Тірек сөздер: Стиль суреткер шығармашылығында ортақтық және даралық туралы мәселелер және стиль көркемдік әдіс аталатын әдеби-теориялық ұғымдарға негізделеді.

Этимологиялық жағынан алсақ, латын тілінде «жазуға арналған үшкір таяқша» деген мағына беретін «stilus» сөзінен өрбитін «Стиль» деген ұғым әдебиеттануда да, тіл білімінде де кездеседі. Әдебиеттануда стиль-жазу машығы, жазушының, жеке шығарманың, әдеби бағыттың образдар жүйесінің тұрақты жиынтығы.

«Стиль» ұғымы түрлі деңгейде, белгілі бір дәуірдегі әдебиет дамуының ерекшеліктерінен бастап, әртүрлі әдеби бағыттар мен әдістердің (классицизм, романтизм т.с.с) ерекшеліктері арқылы қолданыла береді.

Әдебиеттану еңбектерінде көпшілік қаламгерлерге ортақ стильден гөрі, жеке қаламгердің өзіндік стилін қарастыру жиі кездеседі. Олай болса, жазушы стилі немесе жеке шығарма стилі дегенде нені түсіну керек?

Бұл сұраққа мүмкіндігі барынша дұрыс жауап болып табылатын анықтама мынадай: стиль-әдеби шығарманың мазмұнын құрайтын өзіндік даралық белгі. **Көркемдік әдіс және әдеби тәсіл.** Жазушы стилі өзіндік даралыққа негізделетіні белгілі, ал стилдің өзі қаламгер ұстанған көркемдік әдіспен тығыз байланысты. Көркемдік әдіс (грек тілінде methodos-зерттеу жолы) - суреткердің ақиқат дүниені қайта жасау.

Көркемдік әдіс-әдебиеттану ғылымындағы маңызды ұғымдардың бірі. Ол көптеген жазушылар шығармашылығында қайталана отырып, өнердегі өмірді бейнелі суреттеудің ерекшеліктерін айқындап, сол арқылы әдеби ағым туындатады. Мысалы, реализм романтизм, символизм т.с.с.

«Әдіс» туралы сөз қозғағанда, біздің ойымызға бірінші кезекте көпшілікке етене болып кеткен реализм, романтизм әдістері, олардың ішіндегі түрлі ағымдар оралады.

Негізінде, стиль мен әдіс-екі түрлі ұғым. Стильді қарастыру көркемдік құралдар жүйесін өзара байланысты заңдылықтар аясында зерттеу болып табылады. Көркемдік әдісті зерттеу-қаламгер шығармашылығындағы өмірдің идеялық-көркемдік негіздерін зерттеу. Әдіс жазушының стилін айқындайды. Нақтылай түсер болсақ, әдіс-стильді туғызатын факторлардың бірі, яғни әдіс стильдік жүйені анықтайды, алайда стильмен тең тұра алмайды.

Романтизм. Романтизм-Еуропаның көптеген елдерінің өнері мен әдебиетінде, сондай-ақ, Америка әдебиетінде XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында аса ірі бағыттардың бірі ретінде пайда болған.

«Жаңадан пайда бола бастаған бағытқа «романтизм»» сөзі классицизмге қарама-қарсы жаңа әдеби бағытты белгілеген термин болып енді.

Романтизмдегі бағыттардың алуан сипатта дамығандығын айқынырақ тану үшін олардың өзектілеріне өткен орынды. Біріншіден, тарихи шындыққа бағынбайтын, құпия жағдайларға толы. Еуропаның ойшылдары жаңа қарама-қайшылықтар мен бітіспес тартыстарды, рухани жұтаңдық соның салдарынан туған сенімсіздік пессимизмге ұласты. Бұл үмітсіздік, торығушылық «әлемдік қасіретке» ауысты. Бұған дәлел ретінде Ф.Шатобриан, А.Мюссе, Дж.Байрон, А.Ламартин қаһармандарына және Г.Гейне, т.б. лирикаларына тән «дәуір дертін» айтуға болады.

Екіншіден, жедел дамып, жаңарып жатқан дүние шексіз мүмкіндігін түйсіну де романтизмге тән сипат. Бұл тұрғыда Англиядағы «Көл мектебі» ақындары, Шатобриан, В.А.Жуковский сияқты кейбір романтиктер шығармашылығында өмірдегі ойға сыйымсыз күштердің үстемдігі бой көрсетсе, Байрон, Шелли, Ш.Петефи, А.Мицкевич, М.Ю.Лерионтов, т.б.

романтиктер шығармашылығында өмірде үстемдік құрған зұлымдыққа наразылық пен күрес рухы анық байқалады.

Романтизм әдебиетке өз қаһарманын, нақтылай айтқанда, қаламгердің өзін қоршаған дүниеге көзқарасын танытатын көркем бейнені әкелді.

XIX ғасырдың 40-жылдарынан бастап Еуропаның басты елдерінде өзінің тұғырлы орнын сыншыл реализмге бере бастағанымен, романтизм негізгі көркемдік әдіс ретінде әдебиет төрінен бірден ығысып кеткен жоқ. Тіпті сыншыл реализм нығайған тұстың өзінде романтизм белсенділік позициясын берген жоқ. Мысалы, М.Ю.Лермонтовтың романтикалық поэмалары өз тұсындағы өзге реалистік шығармаларымен қатар жазылғаны мәлім.

Романтизм тағдыры мұнымен де тәмәмдалған жоқ. Араға жылдар салып, мүлде жаңа тарихи жағдайларда жазушылар көркемдік бейнелеудің романтикалық тәсілдеріне жиі оралып отырды. Дәлел ретінде «Кейуана Изергильдегі» Данконың, «Сұңқар туралы жыр.» мен «Дауылпаз туралы жыр» айту орынды.

Қазіргі кезеңде романтизм тұтастай көркемдік бағытты құрай алмайды. Тек қана жекелеген жазушылар шығармашылығынан романтизм сипаттары кездеседі.

Реализм. Өнер мен әдебиет дамуына қатысты уақыт жағынан алғанда, романтизмнен кейін пайда болған көркемдік әдіс – реализм. Әдіс атауының өзі кейінгі латын тілінде «заттың, шынайы» деген мағына беретін «reolis» сөзінен алынған.

Әлем әдебиетінде кеңінен тараған реализм тарихы алуан үлгідегі көркемдік ізденістерге аса бай. Суреткер өмір шындығын шынайы шындық тұрғыдан бейнелеуде әдеби даму тұрғысынан түрлі кезеңдерге өзгеріп отырды. Мысалы: француз классицизмінің теоретигі Н.Буало «табиғатқа еліктеуге» үндеді. Ал нақ осы классицизмге қарсы бағыттағы романтизм өкілі В.Гюго «табиғатпен және өзінің шабытымен кеңесуді» ұсынады.

Кең мағынада алғанда, реализм категориясы нақты әдеби туындының ақиқат өмірге қатынасын анықтауға бағытталады.

Романтизм дәстүрінен арылып реализмнің өзіндік бағдарын айқындаған кезеңі XIX ғасырдың орта тұсына қарай басталды. Ресейде 20-30 жылдары А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин», «Борис Годунов», «Капитан қызы», А.С.Грибоедовтың «Ақылдан азабынан» бастау алып, И.А.Гонсаров, И.С.Тургенов, И.А.Некрасов, А.Н.Дстровский, т.б. шығармашылықтарымен, батыста Г.Фюбер, У.Теккерей есімдерімен байланысты қанат жайды.

Сол дәуірдегі шығармаларда әлеуметтік-сыншылдық сипаттың басым көрінуіне байланысты XIX ғасыр реализімін «сыншыл реализм» деп атау қалыптасқан.

Реализмге қатысты күрделі мәселелердің бірі- өмірлік шындық пен көркемдік шындықтың арақатысы. Өмірлік шындықтың маңызы сол шындықты бейнелеудегі басты мақсаттың орындалуы дәрежесімен айқындалады.

Реалистік өнерге ақиқатты даму үстінде қарастыру, өмірде әлеуметтік қатынастарда пайда болған жаңа құбылыстардың сыр-сипатын дұрыс тани білу керек. Бұл ерекшелік, әсіресе, ХХ ғасыр әдебиетінде ерекше көрінеді. Әдеби ағым-бағыттар. Әдебиеттану ғылымында көркемдік әдіс ұғымымен етене бағыт, ағым, стиль, әдеби мектеп, әдеби топ деген түсініктер де бар.

Тарау бойынша студент меңгеруге тиісті мәселелер:

1. Стиль туралы жалпы түсінік
2. Әдеби стиль және қаламгер стилі
3. Стиль және көркемдік әдіс
4. Реалистік әдіс
5. Романтикалық әдіс
6. Романтизмнің пайда болу себептері

Пайдаланылған негізгі әдебиетер мен оқу қолданбалар тізімі

Негізгі оқулықтар

1. Ахмедов К. Әдебиеттануға кіріспе. Қарағанды, 1998 ж.
2. Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы, Санат, 2002
3. Мақыров С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. – Алматы, 1994.

Көмекші әдебиетер:

1. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. - А, 1997.
2. Абдувалитов Е. Әдебиеттану негіздері. (оқу қолданба) Т, ТМПУ, 2008.

Библиография:

1. Алпысбаев З. Көркем шығарманы талдау жолдары- Алматы, 1995
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы, 1995
3. Әдебиеттану хрестоматия. Құрастырушы: Мақпиров С. – Алматы, 1991
4. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құрастырушы: Ахметов З, Шаңбаев Т. – Алматы, 1998
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы.- Алматы, 1991
6. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш.- 2001
7. Дәдебаев Ж. Өмір шындығымен көркемдік шешім. –Алматы, 1991
8. Карт И.Кратика способности суждения.-Москва, 1994
9. Кәкішев Т. Қазақ әдеби сының тарихы-Алматы 1994.
10. Қабдолов З. Сөз өнері.-Алматы. 2002.
11. Мақпиров С. әдебиеттің тектері мен түрлері.-Алматы 1994
12. Медведов П.Н. Формальный метод в литературоведении.-Москва, 1993
13. Мукаржовский Я. Исследования по эстетика и теорий искусства. – Москва, 1994
14. Нұрғалиев Р. Әдебиет теориясы.-Астана, 2003.
15. Шеллинг Ф.В. Философия искусства. – Москва, 1996
16. Ысқақұлы Д. Сын шын болсын. –Алматы, 1993
17. Ысқақұлы Д. Сынсонар.- Алматы, 1994

Көркем өнер және оның түрлі салалары Жоспар

1. Кіріспе
2. Әдебиеттану ғылымының салалары.
3. Әдебиеттану ғылымының жанама тараулары

Тірек сөздер: пәннің мақсаты, маңызы, әдебиеттанудың жанама тараулары

Бүгінде әдебиет пәні еліміз көлеміндегі білім беру жүйесінің әр сатысында мемлекеттік стандартқа сәйкес белгіленген бағдарламалар негізінде оқытылып келеді. Жоғары оқу орындарының қазақ тілі және әдебиеті бөлімдерінің студенттері әдебиеттану ғылымының үш саласы бойынша, атап айтқанда, әдебиет теориясы, әдебиет сыны, әдебиет тарихы бойынша жан-жақты дәріс тыңдайды.

Әдебиеттану ғылымының құрамындағы аталмыш салалардың әрқайсысы көркем әдебиетті әр қырынан қарастырады. Себебі - өнердің негізгі түрлерінің бірі болып табылатын әдебиетті рухани игілікке ұластыру - оңай шешіле салатын іс емес. Ол үшін не істеу қажет?

Біздің пайымдауымызша, көркем шығарманы мұқият (сіңіре) оқып шығу аз, сонымен қатар сол шығарманың мәнін талдай түсініп, мейлінше терең игеру керек. Сонда ғана адамның көркемдік талғампаздығы арта түседі. Бұл мақсатқа жету үшін көркем шығарманың өзін ғана оқып-білу аз, сонымен әдебиет жайлы ғылыммен тиянақты таныс болу қажет, әсіресе, теориялық ұғымдарды толық меңгерген жөн.

Әдебиеттану ғылымының жоғары аталған салаларының ішінде ерекше орын алатын әдебиет теориясы. Әдебиеттану қарастыратын мәселелерді

негізгі 3 циклға жүйелеуге болады: Суреткердің ақиқат болмысты образды бейнелеу ерекшеліктері; көркем шығарманың құрылымы; әдеби үрдісі.

Бірінші циклде образдылық, көркемділік, жалпы әдеби шығармашылыққа байланысты ұғым-түсініктер қарастырылады.

Екінші циклде көркем шығармаға тиісті идея, тақырып, әдеби қаһарман, сюжет, композиция, стилистика және өлең құрылысы төңірегінде ұғымдар сарапталады.

Үшінші циклде стиль мен әдіс, әдеби тектер, түрлер, жанрлар, әдеби ағымдар мен бағыттар, жалпы әдеби үрдіс сөз етіледі.

Жоғары оқу орнында оқитын студенттер үшін әдебиеттің теориялық мәселелерін меңгерту мақсатында 1-курста «Әдебиеттану негіздері», жоғары курста «Әдебиет теориясы» пәндері оқытылады. «Әдебиеттану негіздері» пәні көркем әдебиеттің сыры мен сипаты, мәні мен маңызы жайында жалпы білім беруге бағытталса, «Әдебиет теориясы» курсы алғашқы теориялық мағлұматтарды жан-жақты толықтырады, әдебиеттің теориялық өзекті мәселелерін игеруге бағытталады.

Бұлар – бірін-бірі өз-ара толықтырып, дамытып отыратын пәндер.

Бұл көмекші оқу құрал әдебиеттану мәселелерін қызықтыратын студенттер мен оқытушылардың қажетін қал-қадірінше өтеу мақсатында даярланды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әдебиеттану ғылымы. Мақсаты мен міндеттері
2. Әдебиеттану ғылымының салалары.
3. Әдебиет теориясы. Мақсаты мен міндеттері.
4. Әдебиет тарихы. Мақсаты мен міндеттері
5. Әдебиет сыны. Мақсаты мен міндеттері
6. Поэтика. Мақсаты мен міндеттері.
7. Жалпы поэтика.
8. Жеке поэтика.
9. Тарихи поэтика.

Пайдаланылған негізгі әдебиетер мен оқу қолданбалар тізімі

Негізгі оқулықтар

1. Ахмедов К. Әдебиеттануға кіріспе. Қарағанды, 1998 ж.
2. Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы, Санат, 2002
3. Мақпыров С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. – Алматы, 1994.

Көмекші әдебиетер:

1. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. - Алматы, 1997.
2. Абдувалитов Е. Әдебиеттану негіздері. (оқу қолданба) Ташкент, ТМПУ, 2008.

Көркем шығарма

Жоспар:

1. Сюжет пен композиция

2. Көркем бейне
3. Көркем шығарманың тілі
4. Өлең туралы

Тірек түсінік: көркем бейне, шығарма тілі, композиция

Сюжет пен композиция

Жазушының әр түрлі стиліне байланысты әр қаламгердің көркемдегіш құралдары әрқайсысында өзінше қолданысқа түсіп, бір-біріне ұқсамай жататыны да белгілі. Дегенмен әдебиеттің өзіндік болмысынан дамып жататын, барлық жазушыға ортақ қасиеттер бар.

Өмір қандай ортақ жайлар? Біріншіден, барлық жазушыға тән қасиет - тіл. Тіл арқылы образдар жасалады.

Екіншіден, өмірден алынған құбылыстардың әдеби шығармада, бейнеге ауысуы сюжетті шығарады.

Үшіншіден идеялық-көркемдік ойды жүзеге асыру үшін бірде кейіпкерлер сөзіне, бірде авторлық баяндауға, бірде диалогқа немесе монологқа, бірде кейіпкердің ақыл-өсиетіне, хаттарына, күнделіктеріне жүгіну шығарманың құрылымын анықтайды. Бұл әдебиеттану ғылымында композиция деп аталады.

Төртіншіден, жазушының шығармашылығы әдебиеттің тегі мен түріне тікелей қатысты болады.

Әр жазушы өз шығармашылығында жоғарыда айтылғандарды өзінше пайдаланады. «*Фабула*» және «*сюжет*» деген терминдер көркем шығармадағы оқиғалар жинағына қатысты ұғымдарды белгілейді. Кейбір зерттеушілер сюжет пен фабуланы синоним ретінде қарастырады. Шындығында сюжет пен фабула - бір мәселенің екі жағы.

Фабула терминнің этимологиялық тұрғыдан қарастырсақ латынның «әңгімелеу баяндау» деген мағына беретін «*Fabula*» сөзінен өрбиді. Фабула - шығармада суреттелетін оқиғаны қысқаша айту, сюжет - шығарманы оқу арқылы ғана танылады.

Сюжет (француз тілінде «*sujet*» - «зат») - эпикалық және драмалық, кейде лирикалық шығармаларда көрінетін оқиға барысы, әрекет дамуы.

«*Сюжет*» терминнің ең алғаш рет XVII ғасырда классицистер П.Корнель мен Н.Буало қолданды. Әдеби шығармаларда тұтастық сипатта көрінетін сюжет экспозиция байланыс, әрекет дамуы, шарықтау шегі, шешілуі сияқты бөлшектерден тұрады. Кей шығармаларда пролог пен эпилогта кездеседі. Бұл бөлшектердің әрқайсысы шығармада өзіндік міндет атқарғандықтан әр бірін жекелей қарастырған жөн.

Көптеген шығармаларды негізгі тартысқа дейінгі кейіпкерлердің дамып- жетілуіне ықпал етуші және әрекеттердің басты тұстарын суреттеу экспозиция деп аталады. Экспозицияның міндеті - кейіпкерлердің шығармадағы кейінгі әрекеттерін дәйектеу, негіздеу болып табылады. Бұл бөлшек үнемі шығарма басында кездесе бермей, кейде шығарма соңында да беріледі.

Байланыс - шығармадағы әрекеттердің дамуының басталуын, карама-қайшылықтардың туындауын бейнелейді.

Әрекет дамуы - туындыдағы адамдар арасындағы байланыстар мен карама-қайшылықтар анықталады, адам мінезінің түрлі қырлары ашылады.

Шығармада суреттелген әрекет дамуының ең жоғарғы шиеленіс биігіне жеткен тұсы шарықтау шегі деп аталады. Шарықтау шегі шығармадағы проблеманың ең жоғары тірелуінде жатыр. Өмірдегі қандай да бір проблеманың шешімін табатыны сияқты, шығармада проблемалар да көркемдік тұрғыдан шешімін табуды керек етеді.

Пролог - шығармадағы негізгі сюжет дамуына өзінше кіріспе іспетті. Алдағы әрекет дамуынан алдын-ала хабардар ете отырып, пролог шығармадағы әрекет оқиғалардың алғашқы себептерін ашып көрсетеді.

Эпilog - шығармадағы көрінетін әрекет, оқиғалардың ең ақырғы шешімінің бейнеленуі. Эпilogты қаламгер көбінше кейіпкерлердің әрекеті түпкілікті аңғарта алмады деп есептеген кезде көбірек пайдаланылады.

Жазушы өз шығармасында суреттелуге байланысты оқиғаның жалпы жобасын, яғни нені жазатынын, не үшін жазатынын белгілеп алды делік. Сонда ол шығарманы неден бастау керек? Немен аяқтау керек?

Бұл композицияға қатысты туындайтын сұрақтар. Олай болса, композиция дегеніміз не? Анықтамадан бастар болсақ, латын тілінде «орналастыру, құрастыру, біріктіру» деген мағына береді. Сонымен бірге композиция шығарманы біртұтас дүниеге айналдыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. Алпысбаев З. Көркем шығарманы талдау жолдары- Алматы, 1995
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы, 1995
3. Әдебиеттану хрестоматия. Құрастырушы: Мақпыров С. Алматы, 1991
4. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құрастырушы: Ахметов З, Шаңбаев Т. – Алматы, 1998
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы.- Алматы, 1991
6. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш.- 2001
7. Дәдебаев Ж. Өмір шындығымен көркемдік шешім. –Алматы, 1991

Көркем бейне

Жоспар:

- 1.Образдың көркемдік әдіс тұрғысынан түрлері.
- 2.Көркем бейне және өмір.
- 3.Образ ұқсастығы,даралығы.

Тірек түсінік: Өмірде әрбір адам қандай маңызға ие болса, көркемдік әлемінде көркем бейне де, нақтылай айтқанда, әдеби қаһарман да сондай роль атқарады. Көркем бейне, шығарма тілі, композиция

Образ - шығармадағы көркем өмірлік шындық. Шынайы өмірде әрбір адам қандай маңызға ие болса, көркемдік әлемінде көркем бейне де, нақтылай айтқанда, әдеби қаһарман да сондай роль атқарады.

Көркем шығарманы талдау барысында бір ғана кейіпкерге әрі драмалық, әрі комедиялық, әрі сатиралық бейне ретінде қарауға болады. Оның себебі аталмыш бейнеге қай тұрғыдан келуге байланысты. Өйткені, образ түрлерін 1) көркемдік әдіс жағынан романтикалық, реалистік; 2) әдеби тек тұрғысынан эпикалық, лирикалық, драмалық; 3) жасалу тәсілдері жағынан юморлық, сатиралық, фантастикалық, трагедиялық, комедиялық, қаһармандық т.с.с. бейнелер деп бірнеше тұрғыдан жіктеуге болады.

Образдар көркемдік әдіс тұрғысынан реалистік және романтикалық болып екіге бөлінеді.

1) Романтикалық образ - ұлы мұраттарға құштар халықтың арман-қиялына негізделіп жасалған адам бейнесінің көнеден келе жатқан түрлерінің бірі. Мысалы, ертегілердегі Таусоғар, Көлтаусар, аңыздағы Асан Қайғы, мифтегі Прометей, прозадағы Данко, т.с.с. Романтика негізінде күнделікті күйкі тірлікке қанағаттанбай, жаңа өмірді аңсаудан туған құштарлық.

2) Реалистік сөзі латын тілінде «заттық» деген мағына беретін «realis» сөзінен туындайды. Реалистік образ ұғымы өмірлік шындыққа негізделген.

Әдеби тек тұрғысынан образдар эпикалық, лирикалық, драмалық болып 3 топқа бөлінеді.

Аталған образ түрлерінің қай-қайсы да адам болмысын жан-жақты танып, ашып көрсетуді мақсат етеді.

Эпикалық образ - жазушының авторлық баяндаулары мен әдеби қаһарманның өзінің сөздері, яғни кейіпкер сөзі арқылы жасалатын образ. Авторлық баяндаулар арқылы жазушы өз кейіпкерінің басында болып кеткен оқиғаларды қажетінше суреттеуі ықтимал.

Лирикалық образ - ақынның айналадағы түрлі құбылыстарға көзқарасына, ой-сезімдеріне негізделетін образ. Әрбір поэзиялық туындыға ақын белгілі бір сәттегі нақты бір құбылысқа байланысты туған әсерін бейнелейді.

Драмалық образ - кейіпкердің өз сөздері мен іс-әрекеттері арқылы бейнелейтін образ. Драмалық образдың басты бір ерекшелігі оның сахнада сомдалуына қатысты.

Образдардың бұл түрлерінің өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар. Мысалы, эпикалық және драмалық шығармалардың ұқсастығы құбылыстар мен характерлерді сырттай бейнелеуден туындайды. Айырмашылығы мынада: драмалық образдар кейіпкердің өз сөздері, іс-әрекеттері арқылы ашылады, бірақ онда авторлық баяндау болмайды. Сондықтан да драматург өз туындысында аса маңызды тартысқа (конфликт) негіздейді де, аз қаһарманың осы тартыс ағымында тұлғалайды.

Әдебиеттер:

1. Алпысбаев З. Көркем шығарманы талдау жолдары- Алматы, 1995
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы, 1995
3. Әдебиеттану хрестоматия. Құрастырушы: Мақпыров С. Алматы, 1991
4. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құрастырушы: Ахметов З, Шаңбаев Т. – Алматы, 1998
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы.- Алматы, 1991

6. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш.- 2001

7. Дәдебаев Ж. Өмір шындығымен көркемдік шешім. –Алматы, 1991

Поэзия мен проза **Жоспар**

1. Поэзия және оның әдебиеттегі маңызы

2. Поэзиядағы түрлілік

3. Прозаның қалыптасуы

Тірек сөздер: Поэзия - халқымыздың жан-күйінің жарқылы, сезімінің сырлы шектерінің пернесі, оның эстетикалық көзқарасының сәлелері, оның этикалық арманының айнасы.

Поэзия - ақынның жаны, тамырын қуалай аққан қанның ары, ақынның Отан алдындағы ожданы. Поэзияның оқушыға мол даритын күші ешбір цифрларменен, ешбір көрсеткіш. диаграммалармен белгіленбейді. Поэзияның халыққа жасайтын қасиетті әсерін ешбір электрон машинасы ешбір ғасырда да есептеп шығара алмайды.

Поэзия әр уақытта үлкен мінбеден бар дауыспен айтылып келеді. Бірақ, поэзияның құпия құбылстарын, сан алуан сырларын, иненің жасуындай шыңырау түбінен шымырлап қана елес беретін көзін, оның көктен жерге құйылған күн сәулесіндей жанарға шалынбайтын жасырын жұмбақтарын, оның алда тұрған қат-қабат ділгірліктерін әлі түгел айқындап ешкім айтып бере алған емес. Тіпті, поэзияның қатып қалған догмасы да жоқ. Оның теориясы да өмірдің даму диалектикасы секілді өзгеріп отырады.

«Поэзияның асылы әдемілік, әсемдік. Онда оғаштық, кедір-бұдырлық, олпы-солпылық болмашы нәрсе деп есептелмейді, тіпті, кешірілмейді. Өйткені ол көркем шығарманың ажарын түсіреді. Кейде бір ғана жаман шумақ, бір ғана жабайы, қарапайым сөйлем, бір ғана мағынасыз сөз, бір ғана орынсыз қолданылған сөз бүкіл шығарманың және ең тамаша деген

шығарманың құнын жойып жібереді», - дейді ұлы сыншы В.Г.Белинский. Бұл қағиданы біздің ақын-жазушыларымыз естерінде мықты ұстауға тиіс.

Осы тұрғыдан қарағана, бүгінгі тілге тиек, әңгімеге арқау болып отырған тәуелсіздік жылдарының әдебиеті несімен ерекшеленеді, сипаты, идеясы, бағыты мен тұжырымдамасы бар ма деген сауалдар басын ашып алу керек шығар. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиыншылықтың, қолына қалам ұстағандарды да айналып өтпегені белгілі. 90-жылдары әдебиетке келген буын өкілдері осы бір мүшел уақыттан аса не жазып, не тендырып жүр деген сияқты сұрақтар өздігінен туындайды. Бұл тұрғыдан қарасақ, қазіргі әдебиеттегі поэзия жанрының орны бөлек.

Қазіргі поэзиямыздың эпикалық саласынан гөрі лирикалық саласы қатты шырқап өсті деп батыл айта аламыз. Поэзияға эпик ақындарымыздың қосқан үлесімен қатар қазақ әдебиетінің алдыңғы буыны болып есептелетін лирик ақындарымыздың қосқан үлесі де өзгеше. Қазақ поэзиясына өткен ғасырдың тұсынан өте Бере келіп, соңғы отыз жылда тек қана өзіне тән өзгеше мазмұнын ашқан, тек қана өзіне тән өзгеше пішінін тапқан шын мәніндегі шынайы талант иесі – Қадыр Мырзалиев. Ол халқымыздың, туған жеріміздің бұрынғы қадір-қасиетін сәтті жырлап келе жатқаны жұртқа аян. Ол еңбектерінде жана дәуреннің, жас азаматтың бейнесін жасауға бет бұрды. Ақын өлеңдері оқушы жұртшылығына салиқалы ойыменен, тапқырлығымен, түйдек түйіндерімен қымбат. Ақын өлеңдері барынша қысқа, барынша ойлы. Бірақ, Қадыр Мырзалиев өлеңдерін бірыңғай ақылға құрмай, жастыққа тән жалынға бөлеп, сезім серпініне көбірек еркіндік беруі керек.

Проза қазақ әдебиетінде кеш туған жанр. Ал әңгіме кіші проза ретіндекейінірек пайда болды. Қазақ әңгімелерінің тарихын Ыбырай Алтынсариннен бастаса кейін Б.Майлин, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсіреповтер арқылы дами түсті.

Бүгінгі қазақ әдебиетінің даму қарқыны мен бағыт-бағдарының әңгіме жанрындағы беталысынан да, қол жеткізген табысынан да айқын көрінеді. Қазақ прозасындағы әңгіме жанрының өзі бүгінде сан жағынан да, сапа жағынан да кемелдене, толыса түскені айқын.

Қазіргі әңгімелерді шартты түрде тақырыбына қарай топтайтын болсақ, дені ауыл өмірінен алып жазылған шығармалар екені көрінеді. Бір қуаныштысы - әңгіме авторлары бүгінгі ауылдың рухани дүниесінде болып жатқан өзгерістерді нақты характер шындығы арқылды бейнелей отырып ашуға ұмтылады.

Қазақтың ұлттық прозасы ғаламдық даңққа ие екендігі баршаға аян. Шеберлік мектебі көркемдік дәстүрлер жүйесі, тіл мәдениеті, рухани құндылықтар әлемі жоғары деңгейде қалыптасып, қарышты өсіп өркендегенді. Ұлттық көркем сөз өнері қандай жағдайда болмасын даму үстінде болатыны, қара ормандай елі бар жерде жоғалмайтыны аян. Белгілі бір қоғамдық өзгерістер, қайшылықты құбылыстар қол байлау болуы мүмкін. Солай десек те «Өлең деген тулайды қайшылықта» деген Мұқағали пікірінің жаны бар.

Бүгінгі күнде прозалық шығармалар қоржынына мынадай туындылар қосылды: Төлен Тілеухановтың «Базарлы дәурен балғын шақ», Бек Тоғысбайұлының «Әкеден ұл туса», Жанат Ахмадидің «Есенгелді би», Жақсылық Сәмитұлының «Сергелден», Еркінбек Тұрысовтың «Шығыстың шың ұлдары», Ұзақбай Доспанбетовтың «Абылайдың ақ туы», «Аяз бен аптап», Сәбит Досановтың «Жүрегімде жүз сәуле», Төлен Қауыпбайұлының «Қыран тағдыр», Талаптан Ахметжанның «Мұң», Жұмагүл Солтиеваның «Көз ілмейді көңілім», Қуаныш Жиебаевтың «Қателесесің, қымбаттым..», Ханбибі Есенқараеваның «Күн шығады қызарып», Сейілғазы Әбдікәрімовтың «Мазасыз түн», Қуандық Түменбай «Қой мен қойшы» Нұртас Исабаевтың «Өмірге құштарлық».

Бұлардың ішінде романдар да, повестер де, әңгімелер де, деректі эсселер де бар.

Роман жанрлары өте көп, мысалы тарихи роман түрлері роман-хроника, роман мемуарлық роман биографиялық роман, сатиралық фантастикалық романдар. Тыйым салынған тақырып роман-эпопея, роман-диалог, публицистикалық роман документалды роман. Тақырыптың кеңеюі бас қаһарман проблемасы, авторлық позиция көзқарасы қазақ романшылары шет ел қазақтары өмірі замандастар интелеигенция, өнер адамдары туралы романдар.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Поэзия түсінігі мен қалыптасуы
2. Поэзияға қойылатын талаптар
3. Поэзиялық шығармалар түрі
4. Проза және оның алғашқы түрі
5. Әңгіме жанрының қалыптасуы
6. Роман және повесть

Пайдаланылған негізгі әдебиетер мен оқу қолданбалар тізімі

Негізгі оқулықтар

1. Ахмедов К. Әдебиеттануға кіріспе. Қарағанды, 1998 ж.
2. Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы, Санат, 2002
3. Мақыров С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. – Алматы, 1994.

Көмекші әдебиетер:

1. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. - Алматы, 1997.
2. Абдувалитов Е. Әдебиеттану негіздері. (оқу қолданба) Ташкент, ТМПУ, 2008.